



SEMEI tanu

№ 117 (19744) 5 желтоқсан, 2025 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ

■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

АЙТЫЛДЫ. ОРЫНДАЛДЫ

ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРҒА ШЫНАЙЫ ЖАНАШЫРЛЫҚ

ЖАҢАСЕМЕЙ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Берік Уәли Жаңасемей ауданының тұрғындарымен кездесті. Аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, шешімін күткен мәселелер және алдағы жоспарлар туралы баяндама жасады.

Қайнар ауылында өткен жиында алдымен аудан әкімі Нұржан Әбдікерімов 2024-2025 жылдардағы негізгі көрсеткіштерге тоқталып, атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Жаңасемей – мал және егін шаруашылығына бейім аудан. Биыл аудан шаруалары 14,9 мың гектар алқапта егін жинады. Өсіресе картоп, көкөніс және бақша өнімдеріне сұраныс жоғары. Аудан көкөніс өсіруде өңірдің тірек аудандарының бірі болып келеді. Облыста ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту бағытында 451 техника сатып алынды. «Кең дала – 2» бағдарламасы аясында өңір шаруаларына 9,5 млрд теңге жеңілдетілген несие берілсе, оның 578 миллион теңгесін жаңасемейлік дикқандар алды.

Ауданда 46,7 млрд теңгені құрайтын 6 инвестициялық жоба жүзеге асады. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін көбейтуге, жұмыс орындарын ашуға және өңдеу саласын дамытуға ықпал етеді.

Жаңасемейде 6,8 мың гектарда су үнемдеу технологиясы енгізілген. 2031 жылға дейін облыста мұндай алқаптарды 88,2 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланған. Сонымен бірге ауданда қуаттылығы жылына 11,4 мың тонна ет өндіретін ірі ет комбинатының құрылысы жүріп жатыр. Инвестор 5000 басқа арналған бордақылау алаңын салуды жоспарлауда.

Биыл облыстағы инвестициялық жобалар саны 29-дан 97-ге өсті. Инвестиция көлемі 2,2 трлн теңгеден 3,5 трлн теңгеге ұлғайды. Жыл соңына дейін барлығы 14 жоба іске қосылады. Жаңасемей ауданында құны 110,7 млрд теңге болатын, 1 200 жұмыс орнын ашатын 9 жоба жүзеге асуы тиіс.

Облыс бойынша биыл 12 жылу көзі жаңартылып, 13,6 шақырым құбыр ауыстырылды. Ауданның бірқатар ауылдарында жаңа су жүйелері салынып, құбырлар жаңартылып жатыр. Қайнар және Алғабас ауылдарындағы қазандықтар ауыстырылды.

Биыл Жаңасемейдің Приречный және Түркібө мектептері құрделі жөндеуден өтті. 13 мектепке ағымдағы жөндеу жүргізілді. Мектептерге пән кабинеттері, жинахалар, автобус сатып алынды. Абыралы аудандық ауруханасына стоматологиялық құрал-жабдық алынды. Жаңасемей ауданында 14 медициналық пункт салуға жобалық сметалық құжаттама әзірленуде.

Кездесу соңында аймақ басшысы тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап берді. Облыс әкімі жиында Қайнар ауылындағы Мәдениет үйіне жақында музыкалық аппарат пен Лед-экран берілетінін айтты.

- Аудан тұрғындарымен кездесуді бұрынғы аудан орталығы болған, Семейден 300 шақырым жерде орналасқан Қайнар ауылында өткізуді жөн деп ұйғарды. Абыралы өңіріне бұған дейін арнайы келіп, әлеуметтік нысандарды аралап, ауылдардың тыныс-тіршілігімен таныстым. Жаңадан құрылған ауданның жағдайы мен тұрғындарды алаңдататын өзекті мәселелерді жақсы білемін. Жол, ауыз су, жарықтандыру сияқты проблемалар кезең-кезеңімен шешілетін болады, – деді облыс әкімі.

Абыралы өңірінің тұрғындары аймақ басшысына қолдауы үшін ризашылығын жеткізді.

- Абыралы ауданы тараған 1997 жылдан бері мұндай деңгейдегі жиын өтпеген шығар. Бүгін, міне, ауруханаға он жаңа компьютер келді, тағы да басқа жаңа жабдықтар беріледі деп естіп, қуанып жатырмыз. Мектептерге жаңа қазандықтар орнатуға көмектестіңіз. Қиыр жайлап, шет қонған өңірімізді назардан тыс қалдырмағаныңыз үшін тұрғындар атынан алғыс айтамыз, – деді Қайнар ауылының тұрғындары.

Облыс әкімі Берік Уәли аудан халқымен кездесуі алдында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауда келген азаматтар инфрақұрылымдық және мәдени сипаттағы мәселелерді көтерді.

Қайнар ауылының тұрғыны Жәнібек Наурызбаев ауылдағы қоқс полигонның

Жаңасемей ауданына қарасты ауылдар талай жылдар бойы назардан тыс қалып келгені белгілі. Бұрынғы басшылардың уәдесі көп болғанымен, нақты іс-шаралардың жасалмауы себепті әсіресе шалғайдағы Алғабас пен Қайнар ауылдары тұрғындарының билікке деген өкпесі қара қазандай еді.

Берік Уәлиұлы Абай облысына басшылыққа келген алғашқы күннен-ақ бұрын аудан орталықтары болған Шар қаласымен Баршата, Таскескен және Қайнар ауылдарына арнайы барып, жағдайларымен танысқан болатын.

«Шалғай ауылдар назардан тыс қалмауы керек!» деген сөз сол кезде айтылды... Жаңасемей ауданының Алғабас пен Қайнар ауылдарына жасаған облыс басшысының осы сапары берген уәде мен оның нақты орындалуын таразылаған сәт болды.



қоршау, жолға қызмет көрсететін мекеме ашу, жасөспірімдер жөніндегі уәкелілік инспектор қызметін жандандыру жөнінде ұсыныстарын айтты.

Ақбулақ ауылының тұрғыны Думан Сайлауғалиұлы Әміре Қашаубаевтың 140 жылдығын атап өтуге, Ақбулақ ауылын жарықтандыруға, абаттандыруға, елді мекенге дейінгі жолды жөндеуге қатысты мәселелерді жеткізді.

Облыс әкімі Берік Уәли қабылдауда көтерілген мәселелердің ешқайсысы назардан тыс қалмайтынын атап өтіп, аудан әкімі мен тиісті басқармаларға нақты тапсырмалар берді.

Облыс әкімінің азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдауының алдында басқарма басшылары аудан тұрғындарын қабылдап, сауалдарына жауап берді.

ҚАЙНАР

Жылу қазандықтары жаңартылып, елді мекенде 30 жылдан кейін жаңа балабақша салынды.

Облыс әкімі Берік Уәли Жаңасемей ауданының Қайнар ауылындағы бірқатар әлеуметтік нысандарды аралап, тыныс-тіршілігімен танысты.

Қайнар ауылы облыс орталығынан 300 шақырымға жуық жерде орналасқан. Аймақ басшысы әуелі Сапарғали Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектептің жылу қазандығын көрді. 1974 жылы салынған оқу ордасы мектеп, ауылдық әкімшілік ғимаратын және мәдениет үйін жылумен қамтамасыз ететін орталық қазандыққа қосылған. Мұнда қуаты әртүрлі 4 қазандық орнатылған. Биыл қазандықтардың екеуі толық жаңартылды.

Айта кетейік, осыдан 7 ай бұрын аймақ басшысы Қайнар ауылына арнайы барған болатын. Сол кезде қазандықтың жағдайын көріп, әкімдік тарапынан тиісті қолдау көрсетілетінін айтқан еді.

«Облыс әкімінің сәуір айында Қайнар ауылына келген сапарының нәтижесінде ұзақ жанатын жаңа пештер орнатылып, бүгінде мектеп те, өзге мекемелер де жылумен толық қамтылды. Қиындықтың бәрі артта қалды. Аймақ басшысына мектеп ұжымы, ауыл жұртшылығы атынан

алғыс айтамыз!», – деді С.Бегалин атындағы орта мектептің директоры Маржан Жақыпова.

Облыс әкімі сондай-ақ «Айриза» балабақшасының жұмысымен танысты. Бұл шағын орталық 50 орынға арналған және 2 топтан тұрады. Балабақша Қараөлең ауылдық округі әкімдігінің 500 шаршы метрлік ғимаратын жалға алып отыр. Жылыту жүйесі мектеп және мәдениет үйімен бірге орталықтандырылған.

Қайнар ауылының тумасы Перизат Бағдатқызының бастамасымен ашылған «Айриза» балабақшасында балғындардың тәрбие алуына, дамуына жан-жақты жағдай жасалған. Өр топ бөлмелері жас ерекшелігіне сай жабдықталған. Жатын бөлмелері бейнебақылаумен қамтылған. Ауданда кең және тартымды ойын алаңы жасакталған. Балабақша жұмысын бастаған соң балалар үш мезгіл тамақтанады, таза ауада серуендейді, тұм терәпжасы, дамытушы ойындар, театрландырылған қойылымдар мен түрлі тәрбиелік шаралар өткізіледі. Ұжымда тәжірибелі педагогтар, медицина қызметкері және қосымша мамандар, жалпы саны 15 адам жұмыс істейтін болады.

Балабақшасы аралап көрген аймақ басшысы мектепке дейінгі тәрбие нысанының шалғайдағы ауыл үшін маңызды екенін атап өтті.

«Қайнар ауылында 1996 жылдан бері бой көтеріп отырған алғашқы балабақша екен. Іші жарық, кең, әдемі. Бүлдіршіндер үшін барлық жағдай қарастырылыпты. Мемлекеттік тапсырыс аясында әкімдік тарапынан тиісті қолдау көрсететін боламыз», – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы елді мекендегі өрт сөндіру бекетінің жұмысымен де танысты. Бұл ғимарат қайта жаңғыртудан өткен. Өрт сөндіру постының қызмет көрсету аумағына Қайнар ауылы, Қараөлең бөлімшесі және 30-дан астам шаруа қожалықтары кіреді. Жалпы 350 үй, 1 398 тұрғын осы посттың қорғауында болады. Мұнда қазіргі таңда 5 адам жұмыс істейді.

Пунктің қорғауындағы маңызды әлеуметтік нысандар қатарына дөрігерлік амбулатория, мектеп, балабақша және жергілікті атқарушы органның ғимараттары жатады. Сондай-ақ постың тактикалық мүмкіндіктері тұрмыстық және дала өрт-

терін сөндіру барысында ТЖД-ның негізгі күштері мен құралдарын сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Нысан электрлендірілген, ұзақ жанатын қазандық арқылы жылытылады. Бүгінде Қайнар ауылының аумағында су алуға арналған 4 өрт гидранты орнатылған.

Облыс әкімі бұрынғы аудан орталығы Қайнардың әуелеті жоғары елді мекен екенін атап өтіп, ауылды дамытуға бағытталған жобалардың алдағы уақытта жалғасатынын жеткізді.

АЛҒАБАС

Таза ауыз су тартылып, мектепке жаңа қазандықтар орнатылды.

Облыс әкімі Берік Уәли Жаңасемей ауданының Алғабас ауылындағы бірқатар нысандарды аралады. Алғабас – аудандағы ең шалғай елді мекендердің бірі. Облыс орталығынан 360 шақырым жерде орналасқан.

Аймақ басшысы әуелі ауылдағы су құбыры жүйесінің жұмысымен танысты. Округте ұзындығы 7,5 шақырым болатын, 11 колонкалы су құбыры желісі бар. 1974 жылы пайдалануға берілгендіктен, тозығы жетіп, жиі істен шығатын. Өсіресе қыс мезгілінде қиындықтар туындайтын. Осыған байланысты «Ауылды таза ауыз сумен қамту» бағдарламасы аясында 2023 жылдан бастап құбырларды ауыстыру жұмыстары жүргізіліп, жақында толық аяқталды. Ауыл ішінде 73 сақиналы құдық, 25 гидрант орнатылды.

Сонымен қатар Алғабас ауылдық округі әкімшілігі мен «Аркс Минералс» ЖШС арасындағы меморандум аясында тыл ардагерлеріне, қарттарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға және жалғызбасты зейнеткерлерге су құбырын үйге дейін жеткізу жұмыстары жүзеге асырылды. Нәтижесінде 205 үйге су тегін тартылды.

«Жеті айда екі рет келіп тұрсыз. Ауыл тұрғындары дән риза. Бұған дейін 50 жыл бұрын салынған су құбырын пайдаланып келдік. Қазан айынан бастап су берілді. Өте қуаныштымыз», – деді Алғабас ауылының ақсақалы Қаңтарбек Файзуллин.

Бұдан кейін облыс әкімі ауылдағы Быхин атындағы жалпы орта білім бе-

ретін мектептің қазандығын көрді. Мектепке қарасты жылу қазандығы 1974 жылы салынған. Қазіргі уақытта қазандық әкімшілік ғимаратын, мектепті, жаңа әкімшілік нысанды, мешітті, қатымхананы және дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жылумен қамтамасыз етеді.

Биыл қазандық пештерін ауыстыру үшін аудандық бюджеттен тиісті қаржы бөлінді. Үш пеш толық ауыстырылып, ұзындығы 90 метр жылу трассасы жөндеді. Қыс мезгілінде жарық өшкен жағдайда қолданылатын авариялық генератор да сатып алынған.

Айта кетейік, осыдан 7 ай бұрын аймақ басшысы шалғайдағы Алғабас ауылына арнайы барған болатын. Сол кезде қазандықтың жағдайын көріп, әкімдік тарапынан тиісті қолдау көрсетілетінін айтқан еді.

«Мемлекет басшысының халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау аясында жүзеге асырылды. Уақтылы ақшасын бөліп, мердігер компанияны уақтылы қадағалап отырғанның арқасында ауылға таза ауыз су берілді. Көктем мезгілінде арнайы келгенімде «қазандықты ауыстырамыз» деді, ауыстырылды. Айтылды-орындалды. Облыстың шалғайдағы ауылдары үнемі бақылауында болады», – деді облыс әкімі.

Облыс әкімі Берік Уәли Жаңасемей ауданының Алғабас ауылындағы Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

Офф-тейк келісімімен салынған спорттық нысанның құрылысы 2024 жылы басталып, биыл аяқталды. Ғимараттың жалпы ауданы 888,5 шаршы метрді құрайды. Бір уақытта 110 адамды қабылдай алады.

Алғабас ауылында қазіргі таңда 883 тұрғын бар. Оның 210-ы – мектеп оқушылары, 9-16 жас аралығындағы балалар саны 96. Жаңа кешенге волейбол және баскетбол үйірмелеріне жаттықтырушыларды қабылдау басталды.

Аймақ басшысы жаңа ғимараттың ашылу салтанатында ауыл тұрғындарын қуанышты сәтпен құттықтап, спорт инфрақұрылымын дамытудың өңір үшін маңызын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Халықтың саулығы – мемлекеттің басты байлығы. Спорт – ұлт денсаулығының негізі», – деп кәсіби спортқа жол ашып, ұлт саулығын жақсартуға серпін беретін бұқаралық спортты дамытудың маңыздылығын ерекше атап өткен болатын. Заманауи талаптарға сай салынған бүгінгі жаңа спорт кешені ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайтуға, балалар мен жастардың спортқа қызығушылығын арттыруға және олардың бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Жаңа нысан ауылға жаңа серпін береді. Алғабас – береке-бірлігі жарасқан ауыл. Жаңа нысан баршаңызға құтты болсын! Спорт кешені тұрғындардың игілігіне қызмет ете берсін!», – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы салтанатты шара барысында ауылға Газель көлігінің кілтін табыс етті. Жаңа ғимараттың ашылуына орай ауылда волейболдан жарыс өтті. Облыс әкімі спортшылармен кездесіп, сәттілік тіледі.

Қазіргі таңда облыста 610 спорт нысаны жұмыс істейді. Спортпен шұғылданытын азаматтардың саны жыл сайын артып келеді. 2023 жылы ұлттық құрама сапына 286 спортшы өнсе, бұл көрсеткіш 2024 жылы 453-ке, ал биыл 474 спортшыға дейін ұлғайды. Облыс спортшылары соңғы жылдары Азия және әлем чемпионаттарында, Әлем кубогында және көшпенділер ойындарында 276 медаль жеңіп алды.

Соңғы жылдары өңірде спорттық инфрақұрылымды дамытуға айрықша көңіл бөлініп келеді. 2023 жылдан бастап облыс аумағында 10 спорт нысанының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта 20 спорт нысанының құрылысы жүргізілуде. «Тұған жерге туынды тік» инвестициялық форумы аясында Семей қаласы әкімдігі мен «KAZ Minerals» ЖШС арасында меморандум жасалып, 25 мың көрерменге арналған жаңа стадион салу көзделуде. Сонымен қатар, «Абайға құрмет» акциясы шеңберінде Павлодар облысы Үстел теннис орталығын, Атырау облысы Мұз сарайын, ал Ақтөбе облысы Жекпе-жек сарайын салуды жоспарлап отыр.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі



Оқу, оқыту, өнер үйреніп адал кәсіп істеуге қазақ көңіл қойып талаптанса, көзі ашылар еді, сонда қазақ ел болар еді.

Райымжан МӘРСЕК



2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ПОДПИСКА НА ГАЗЕТЫ

SEMEI
tanu

ВЕСТИ
СЕМЕЙ

ЖАҢА
ЖАҢАСЕМЕЙ

ЖАҢА
СЕМЕЙ
Сегодня

БІЗДІҢ
БЕСҚАРАҒАЙ

НАШ
БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАҢА
УАҚЫТ

НОВОЕ
ВРЕМЯ

2026



ҚОҒАМ ЖӘНЕ САЯСАТ

САЙЛАУ мен ТАҢДАУ

ЕЛІМІЗДЕ САЙЛАУЛАР ҚАЛАЙ ӨТІП ЖҮР?

Сайлау - қоғамның саяси мәдениетін, мемлекетке деген сенімін және халықтың азаматтық жауапкершілігін көрсететін ең маңызды демократиялық институт. Қазақстанда соңғы жылдары сайлау науқандарының түрі көбейіп, жиілігі артты: бұрын тек Парламент пен мәслихат сайлауымен шектелетін науқанға кейінгі өзгерістермен ауыл, аудан, қала әкімдерінің тікелей сайлауы қосылды. Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл - халықтың өз тағдырын өзі шешуге бағытталған үлкен қадам. Көп сайлаудың болуынан сайлаушылардың билікке деген сенімі артты ма, әлде жүйенің әлсіздігін де, саяси процестің сапасын да анық көрсететін айнаға айналды ма?

йыз сайлаушының саяси белсенділік танытқанын көрсетеді. Қосымша сайлаулар өңірдің өкілдік органдарын жаңартуға, халықтың мүддесін қорғайтын тұлғаларды таңдауға мүмкіндік берді. Аудан және қала әкімдерін сайлауға байланысты өткен саяси шараға тоқталар болсақ, 2025 жылы Абай облысында аймақтық маңызы бар қалалар мен аудандардың әкімдерін сайлау да өтті. Семей қаласы мен Жаңасемей ауданында өткен сайлауға 232 223 сайлаушының 126 679-ы қатысып, 72,3 пайызы дауыс берді. Сонымен қатар Көкпекті ауданының әкімі басқа мемлекеттік қызметке ауысуына байланысты оның орны босап, 3 қарашада жаңа әкімді сайлау 21 желтоқсанға тағайындалды. Бұл — жергілікті басқарудағы тұрақтылықты сақтауға бағытталған маңызды қадам.

Абай облысында бүгінде 138 ауылдық округ, қалалық деңгейдегі кент және ауыл әкімдері жұмыс істейді. 2025 жылы 1 желтоқсанға дейін 46 ауыл әкімі сайланды. Оның ішінде 34-і — өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты, 12-сі — өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға байланысты сайланды. Бұл науқанға 51 764 сайлаушының 37 425-і қатысып, жалпы сайлау белсенділігі тағы да 72,3 пайыз деңгейінде болды. Бұл ауыл тұрғындарының жергілікті басшылықты таңдауға деген жоғары ынтасын айғақтайды.

2025 жыл Абай облысының сайлау жүйесі үшін маңызды кезең болды. Мәслихат депутаттары, аудан және қала әкімдері, сондай-ақ ауылдық округ әкімдері сайлаулары өңірдің саяси-қоғамдық өмірін жаңартуға, жергілікті басқарудың тиімділігін арттыруға үлес қосты. Сайлаушылардың белсенді қатысуы — демократиялық қағидаттардың өңірде нығайып келе жатқанын көрсететін басты көрсеткіш.

Қазақстандағы сайлаудың ең өткір сыналатын тұсы — әділдік пен бәсекелестіктің деңгейі. Бір кандидаттың артында қуатты партия, әкімдік ресурсы тұрса, екіншісі тек өзінің беделі мен адалдығына ғана сүйенеді. Мұндай теңсіздік толық демократияның жоқты-



ғын көрсетеді. Азаматтық қоғам мен оппозициялық күштердің сайлаудағы рөлі де әлсіз. Олардың көпшілігі үгіт-насихат жүргізде де, қоғамды жұмылдыруда да нақты әсер ете алмайды. Билік өз жақтастарының келуін қалайды, партиялар өздері ұсынған кандидаттың тілеуін тілейді, оппозиция билікке қарсы айбат көрсете алатын тұлғаны жақтайды... Яғни барлығы тек өз электораты үшін күреседі, ал халықтың жалпы қатысуы жөнінде тек Орталық сайлау комиссиясы ғана ресми түрде алаңдайды. Бірақ ОСК-ның өзі шынайы ма, әлде «саяси сауатты» көріну үшін ғана әрекет ете ме — бұл да көпшілік көңіліне күмән туғызып жүрген ашық сауал.

Сайлау науқандары жиілегенімен, халықтың әділ сайлау өтетініне деген саяси сенімі әлі толық қалыптасқан жоқ. Жүйеге деген күмән басым... Көпшілік сайлау әділетсіз өтеді деп санайды. Бірақ, соған қарамастан, сайлау — халықтың үмітін өлтірмеген жалғыз механизм. Сол үміт кейде әлсіз, кейде күшейеді, бірақ мүлде өшпейді. «Менің дауысым не шешеді?» дейтіндер көп болғанымен, солардың өзі ұсаскеге бармаса да, нәтижені қалт жібермейді. Бұл тек біздің елде ғана емес, әлемдегі адамзат баласының саяси психология-

сының күрделі, бірақ қызық қыры деп ойлаймыз.

Қазақстандағы сайлау жүйесі бүгінгі күйінде бірнеше артықшылыққа да, кемшілікке де ие. Артықшылығы — реформалар жүріп жатыр, әкімдерді тікелей сайлау енгізілді, дауыс беру рәсімдері ашықтыққа қарай бет алып келеді, бақылаушылардың саны көбейді, қоғамда азаматтық белсенділік оянып келеді. Бұл — жақсы үрдіс. Бірақ ең басты кемшілігі халықтың сайлауға деген сенімінің әлі де қалыптаспай отырғаны... Көпшіліктің ойынша, әкімшілік ресурс әлі күшті. Қай сайлауда болмасын тәуелсіз бақылаушыларға шектеу жоқ. Алайда халық бақылау әлсіз, тәуелсіз кандидаттар үшін мүмкіндіктер тар деп есептейді. Мәслихат институтының қауқарсыздығы мен кейбір сайлауларда шын бәсекенің жоқтығы да сенімсіздікке негіз болып отырған сияқты. Халықтың басым бөлігі сайлаудың нәтижесіне әлі сенбейді, ал жүйенің толық әділдігі туралы айтуға әлі ерте.

Қазақстанда сайлау жай ғана бюллетень салу емес, ол — саяси мәдениет үшін күрес. Сайлау — билік пен халық арасындағы сенім көпірі. Ол көпір әлі толық салынған жоқ. Бірақ құрылыс жүріп жатыр. Халықтың 60—70 пайыз

деңгейінде тұрақты түрде дауыс беруі — осы көпірдің іргетасы беки бастағанының белгісі деген үміт бар... Ең маңыздысы — халықта таңдау құқығының бар екеніне сенімнің оянып келе жатқаны. Сол сенімнің қай деңгейде өсетіні алдағы жылдарда саяси жүйенің ашықтығына, реформалардың шынайылығына, биліктің халықпен диалог орната алуына байланысты. Біз сайлаудың кемшіліктерін де, артықшылықтарын да көріп отырмыз. Бірақ бір ақиқат бар: Қазақстандағы сайлау — өтпелі кезеңнің ең басты индикаторы. Бұл жүйе әлі жол ортасында. Қоғам өзгеріп жатыр, билік те өзгеруге мәжбүр. Халық бұрынғыдай емес - ойлайды, талдайды, салыстырады. Сайлау - соның дәлелі. Енді сол өзгерістердің сапасы артқан сайын ғана сайлау- нағыз таңдау институтына айналады. Ал бүгінгі жағдай — күрес жолындағы өткел. Сайлау — жарыс, сайлау - күрес, сайлау - сенім сынағы. Сол сынақтан Қазақстанның саяси жүйесі қалай өтеді - бұл елдің болашағы үшін шешуші фактор.

Сайлау — жарыс. Сайлау — күрес. Сайлау — бәсеке. Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров аудан әкімдерін сайлау үдерісін уақытша тоқтата тұруды ұсынды: "Аудан, қала әкімдерін пилоттық форматта сайлауға кірістік. 52 аудан әкімі сайланды. Бірақ оның тиімділігі әлі де сараланбады. Олардың бәрі өз міндетін лайықты деңгейде атқарып отыр деп айта алмаймыз. Сайланған аудан әкімдерінің біразы бір жылға жетпей жұмысынан кеткен. Оған қоса, сайлаудың шығыны шаш етектен. Тек биылдың өзінде 6 аудан әкімі мен 1 облыстық маңызы бар қала әкімін сайлау өтті. Осының өзіне мемлекеттік бюджеттен 11 миллиард теңгеден аса қаражат жұмсалды. Осы шығын ақталды ма?" - деп сұрады депутат.

Ерлан Саировтың айтуынша, әкімдер үйін-төгіп берген уәделерін орындай алмай жатыр.

"Аудан әкімдерін сайлау мәселесінде жүйелі әрі жан-жақты зерделенген тәсіл қажет. Ең алдымен ауыл әкімдерін сайлау жүйесі мен тегігін әбден жетілдіріп алу керек. Олардың абыройын арттырып, қолына бюджет береіік. Құзыретін кеңейтейік. Осылайша, ауыл саясаткерлерінің көсібі корпусы қалыптасады. Содан соң аудан әкімдерінің сайлауына қатысатын азаматтар да, тіпті ауыл тұрғындары да дайын болады. Менің ойымша, аудан әкімдерін тікелей сайлау әлі ерте", - деді ол.

Аудан әкімдерін сайлау мәселесі сарапшылық топтарда қызу талқылануда. Басым көпшілік сайланған және тағайындалған аудан әкімдері арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Сондықтан бөлінген қаражатты өзекті мәселелерді шешуге бағыттаған дұрыс дейді.

Алдағы уақытта аудан әкімі сайлана ма, әлде тағайындала ма? Бұл уақыттың еншісінде.

Риза АСАНҚЫЗЫ

ҚАУІПСІЗДІК

Бүгін облыс әкімі Берік Уәли Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Манарбек Шапағатовпен бірге жедел құтқару жасағының патрульдік катерімен Ертіс өзені бойымен жүріп, Семей қаласындағы су тасқыны қаупі бар учаскелерін бақылап қайтты.

СУ ТАСҚЫНЫ ҚАУПІ БАР АУМАҚТАР БАҚЫЛАУДА



Аралату барысында алдағы жылдары жағалауды бекіту жұмыстары жоспарланған аумақтар (Бейбітшілік аралының маңы мен Бобровка ықшам ауданына жақын жерлер), шомылу маусымында халық жиналатын жабдықталмаған суға түсу орындары және ресми түрде жабдықталған жағажайлардың жағдайы назарға алынды.

Манарбек Шапағатов аймақ басшысына су айдындарындағы қазіргі жағ-

дай, халықтың рұқсат етілмеген жерлерде шомылу фактілері, су тасқыны қаупі бар проблемалық учаскелер және жағажайларды ретке келтіру мен қауіпті аймақтардағы тәуекелдерді азайту бойынша қажетті шаралар туралы баяндады.

Облыс әкімі мониторингті күшейту және су тасқыны кезеңіне уақтылы дайындалу жөнінде тапсырмалар берді.

«ST»-ақпарат

ДЕНСАУЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТҰРАҚТЫ

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте тұмау және жедел респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) бойынша эпидемиологиялық жағдай талпықанды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Нұржан Ноғайбаев, денсаулық сақтау басқармасының басшысы Талғат Молдабеков баяндады.

Облыста тұмау және ЖРВИ бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты бақылауда. Жергілікті бюджет есебінен халықтың осал және тәуекел топтарына 60 мың доза вакцина сатып алынды. Барлығы 60 701 адам егілді. Медициналық ұйымдарда түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ұжымдық иммунитетті қалыптастырудың маңызы халыққа жүйелі түрде жеткізіліп келеді. Өңірде барлығы 246 инфекциялық төсек-орын бар.

Медициналық ұйымдарда дәрі-дәрмек пен медициналық жабдықтар жеткілікті. Барлық МСАК ұйымдарында 110 сүзгі кабинеті, 40 жедел жәрдем кабинеті жұмыс істейді.

Қаладағы 6 стационарда және барлық аудандық ауруханаларда оқшаулау бөлмелері ұйымдастырылған. Эпидемиологиялық жағдай күнделікті бақылауға алынған.

Аймақ басшысы желтоқсанның ортасына дейін тұмау және ЖРВИ өсімі күтілетінін атап өтіп, бірінші орынбасары Ербол Садыр мен денсаулық сақтау басқармасының басшысы Талғат Молдабековке барлық медициналық, білім беру және әлеуметтік мекемелерде бетперде режимін сақтауды, инфекциялық төсек-орындарға күнделікті мониторинг жүргізуді және қосымша резервтік орындар дайындауды тапсырды. Денсаулық сақтау басқармасына аудан және қала әкімдерімен бірлесе отырып тұмауға қарсы екпе мен алдын алу шаралары бойынша түсіндіру жұмысын күшейту қажеттігін айтты.

Өз тілшіміз

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖОЛ САПАСЫ - ӨҢІР ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕГІ

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте 2025 жол салу және жөндеу жобаларының іске асырылу барысы қаралды. Бұл туралы Жолашылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мерей Байырхан, «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы облыстық филиалының басшысы Айбек Әнуарбеков және Жол активтері сапасының ұлттық орталығының облыстық филиалының директоры Мейіржан Бауыржанұлы баяндады.

Абай облысының жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының және елді мекен көшелерінің жалпы ұзындығы 8052 шақырымды құрайды. Биылғы жылдың қорытындысы бойынша жолдардың нормативтік жағдайдағы үлесін 89 пайызға жеткізу жоспарлануда. Осы жылы жалпы ұзындығы 430 шақырымды құрайтын жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын, елді мекен көшелерін және олардағы құрылымдарды жөндеуге, күтіп-ұстауға сондай-ақ құжаттама әзірлеуге әртүрлі деңгейдегі бюджеттерден 35,4 млрд теңге қарастырылған. Биыл облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының 109 шақырымына орташа жөндеу жүргізілді.

Абай облысы бойынша республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 2 176 шақырым. Қазіргі таңда жалпы ұзындығы 786 шақырым болатын 12 жоба іске асырылуда. Биыл республикалық желі бойынша 12 зауыттан 1,631 млн тонна асфальт шығарылып, 390 шақырым жол пайдалануға берілді. Жалпы жол құрылысына 8 мердігер компаниядан 1200 техника және

2000 адам жұмылдырылды.

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК облыстық филиалы республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдары және көше-жол желісі нысандары бойынша жыл басынан бері 79 нысанға 501 рет шығып, бақылау жүргізді. Жалпы саны 3 304 сынама жасалды.

Аймақ басшысы жиында елді мекендер жолдарының жағдайы бойынша толық талдау әзірлеуді, Полиция департаментімен бірлесіп жол қауіпсіздігін күшейтуді, жөндеу жұмыстарын кестеге сәйкес аяқтауды тапсырды.

«Қарастырылып отырған мәселе өте маңызды. Өңірдегі жол сапасы сын көтермейтіні рас. Біздің басты мақсатымыз – облыстағы асфальтталған жолдың үлесін арттырып, жол қауіпсіздігін күшейту. Осы бағытта бірлесе жұмыс істеуіміз керек», - деді облыс әкімі.

Еркежан ҚАЙСА

ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Абай ауданында инфрақұрылымды жақсартуға байланысты жұмыстар жалғасуда. Негізгі жобалардың бірі - су құбыры желілерінің құрылысы. Бүгінде аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында төрт ауылдық округте су құбырларын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semei taiy»

Жуырда аудан әкімі Мейіржан Смағұлов Медеу және Кеңгірбай би ауылдық округтеріне жұмыс сапарымен барып, құрылыс барысымен танысты. Медеу ауылдық округіне сапары барысында аудан басшысы Мейіржан Смағұлов алдымен су құбырын жаңғырту жұмыстарының барысымен танысып шықты. Қазір жұмыс қарқынды жүріп жатыр, мердігердің мөлiметінше, құрылыс жыл соңына дейін аяқталып, пайдалануға берiледi деп күтілуде. Бүгінгі күнге дейін 40-тан астам жеке ауланың тұрғын үйіне су құбыры тартылған.

Осыдан соң аудан әкімі ауылдағы жылу қазандығының жұмысын көрді. Қазандық қалыпты жұмыс істеп тұр. Қатты отын қоры жеткілікті. Мейіржан Серікбосынұлы мамандамен тілдесіп, жылу маусымының үздіксіз әрі қауіпсіз өтуін қамтамасыз етуге қатысты тапсырмалар берді.

Аудан басшысы су құбырлары жаңғыртылып жатқан Кеңгірбай би ауылына да барып қайтты. Мейіржан Серікбосынұлы құрылыс барысын



қадағалап, мердігер ұйым өкілімен жаңғырту жұмыстарының негізгі мәселелерін талқылады. Тиісті сала мамандарына жұмыстарды сапалы орындап, белгіленген жоспарға сай



аяқтауды тапсырды.

Бұдан кейін әкім жылу қазандығының жағдайын көрді. Бұл нысанда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Аудан басшысы қауіпсіздік талаптарын сақтау және жылу жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге байланысты жауапты мамандарға қосымша нұсқаулар берді.

Жұмыс сапары соңында аудан әкімі тұрғындармен кездесу өткізіп, олардың өтініштері мен ұсыныстарын тыңдады. Халық көтерген мәселелер назарға алынып, тиісті сала басшыларына тиісті тапсырмалар жүктелді.

БІЛІМ



– **Жанерке Абетайқызы, алдымен өзіңізді таныстырып өтсеңіз. Осы қызметке қалай келдіңіз? Педагогикалық жолыңызда қай бағытта тәжірибе алдыңызға? Мектеп басшысы ретінде елдіңізге қойған мақсаттарыңыз қандай?**

– Негізгі мамандығым – информатика пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеушімін. Білім саласындағы еңбек жолымды 2011 жылы өзімнің туған ауылымдағы М.Әуезов атындағы Көкжыра орта мектебінде информатика пәні мұғалімі ретінде бастадым. Сол жерде 8 жыл үздіксіз еңбек еттім, педагог ретінде қалыптасып деп ойлаймын. Ал 2019 жылдан бастап осы мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. Бұл мен үшін басқару, педагогикалық процесті үйлестіру және командалық жұмысты ұйымдастыру тұрғысынан үлкен тәжірибе жинақтау кезеңі болды. Өткен жылы Би-Боранбай атындағы Ақсуат орта мектебінің директоры қызметіне ұсынылдым. Осы қызметті 1 жыл 8 ай атқарып, тәжірибем толысты. Осы білім ошағында басқару тәжірибем қалыптасты, командалық жұмыс істей білу, оқу-тәрбие процесін жүйелеу, педагогтерді ынталандыру сынды дағдыларды меңгердім деп ойлаймын. Ал К.Нұрбаев атындағы мектепке директор болып жаңа оқу жылының басында, дәлірек айтсам, 28 тамызда тағайындалдым. Бүгінгі алдыма қойған мақсатым – мектептің стратегиялық даму бағытын жаңарту, білім саласын арттыру, педагогтердің кәсіби дамуына қолдау көрсету және білім ошағының материалдық жабдықталуын жаңарту. Қызметке келгеніме аз ғана уақыт болса да, қазір ұстаздармен бірге осы мақсаттарды іске асыруға кірістік.

– **Мектептің материалдық-техникалық жабдықталуы қандай деңгейде? Қандай кабинеттер бар, білім ошағының инфрақұрылымы туралы не айтасыз?**

– Мектеп ғимараты 1978 жылы салынған. Аумағы 5436 шаршы метр. Бүгінгі таңда білім ошағында пән ерекшеліктеріне қарай жабдықталған 25 оқу кабинеті бар. Сонымен қатар спорт залы, акт залы, күрес залы, мен кітапхана, сондай-ақ медициналық пункт пен психолог кабинеті және заманауи стандартқа сай асхана жұмыс істейді. Балалар ыстық тамақпен қамтылған. 60 оқушыға арналған асханамыз санитарлық талаптарға толықтай сай.

Ал инфрақұрылым деңгейіне келер болсақ, айтарлықтай жаман емес, дегенмен жаңартуды қажет ететін кабинеттер бар. Алдағы уақытта STEM кабинеті, робототехника сыныбы, бастауыш сыныптар үшін үлгілік кабинеттер ашу ойда бар. Ол үшін демеушілер табуымыз керек.

– **Ұжым әлеуеті - өте маңызды фактор. Педагогтердің кәсіби деңгейі туралы айтып өтсеңіз...**

– Иә, мұғалім - мектептің жүрегі.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Ақсуат – ұлттық болмыс пен мәдениеттің мәйегі сақталған өңір. Осындағы іргелі білім ошақтарының бірі - қабырғасынан талай түлекті ұшырған К.Нұрбаев атындағы Ақсуат орта мектебі. Ғасырға жуық уақыт жас ұрпаққа білім мен тәрбие беріп келе жатқан бұл мектеп тек ауданның ғана емес, тұтас өңірдің мақтанышына айналған. Мектептен түлеп ұшқан небір талантты, білімді шәкірттер ауданның, тіпті облыстың атын шығарып жүр. Бүгінде шәкірттеріне сапалы білім мен саналы тәрбие беруге ұмтылған білім ошағының ұстанған бағыт-бағдары айқын. Біз білім ошағының бүгінгі мен болашаққа жоспарлары жайлы білмек болып, мектеп директоры Жанерке Тұрғамбаевамен сұқбаттасқан едік. Жанерке Абетайқызы - жас болса да тәжірибесі мол жаңашыл басшы, өз ұжымын жаңа биіктерге жетелеп келе жатқан білікті педагог әрі ұйымдастырушы.

Біздің мектепте 175 адам еңбек етеді. Оның 97-сі мұғалім болса, бүлдіршіндерге арналған «Балбөбек» орталығында 13 тәрбиеші қызмет атқарады. 2025-2026 оқу жылында 1-11 сыныпта 783 оқушы, мектепалды даярлық тобында 57 тәрбиеленуші білім алуда. Білім сапасы 65,3 пайызды құрайды. 9 бала үйден оқиды. Ерекше білім беруді қажет ететін 10 оқушы бар. Интернатта 28 оқушы тұрады. 411 бала - 1-4 сыныптардан 293 оқушы, 5-11 сыныптардағы аз қамтылған отбасылардан шыққан 65 оқушы және қамқоршылық кеңестің шешімімен «Жас сарбаз» сыныбында оқитын 53 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Өткен оқу жылында мектебімізді бітірген 60 оқушының 45-і мемлекеттік грантка ие болды. Түлектердің Ұлттық бірыңғай тестілеудегі орташа балы 64,5 болды.

«Балбөбек» шағын орталығында 82 бүлдіршін тәрбиеленуде. Көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан 42 бала тегін ыстық тамақпен қамтылған.

Мектептің ең басты міндеттерінің бірі — білім сапасын жақсарту, ал бұл мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Білімді, білікті ұстаздар – мектептің басты байлығы. Білікті ұстаздар білімді шәкірт шығады дейміз. Ал сапаны арттырудың тиімді жолы, өрине, мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру. Бұл ретте педагогтер білімділікті арттыру курстарынан өтіп тұрады. Педагогтердің білімділік санаттары жайлы айтар болсам, қазіргі күні 3 педагог-шебер, 15 педагог-зерттеуші, 32 педагог-сарапшы, 34 педагог-модератор және 1 екінші санатты мұғалім оқушыларға білім мен тәрбие беруде. «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегерлері А.Балаубаева, Л.Құсайынова, Л.Ахметқалиева, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағының иегерлері Р.Қабденова, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Г.Байболатова – мектебіміздің мақтаныштары. Жалпы, мектептегі барлық ұстаздар кәсіби тұрғыдан өте мықты. Әрқайсысы үнемі жаңашылдыққа, үйренуге, жаңаны сынап көруге дайын.

– **Ұстаздардың авторлық бағдарламалар мен ғылыми жұмыстары жөнінде де айтасыз? Бұл – үлкен еңбек қой.**

– Иә, біздің ұстаздар әдістемелік бағдарламалар дайындауда да өте белсенді. Өткен оқу жылында республикалық сараптамалық кеңесте біздің мектептің бастауыш сынып мұғалімдері А.Балаубаева, Л.Құсайынова, Л.Ахметқалиева, А.Оралбекованың авторлық бағдарламалары республика көлемінде таратуға ұсынылды. Ал қазақ тілі, ағылшын тілі, физика, биология пәндері мұғалімдердің әзірлеген бағдарламалары облыс көлемінде таратуға ұсынылды. Біздің мұғалімдер халықаралық, республикалық конференцияларға да қатысады, олардың мақалалары, баяндамалары жарияланған. Бұл ұжымның білім деңгейі жоғары екенін көрсетеді.

– **Оқушыларыңыздың Ұлттық бірыңғай тестілеу, пән олимпиадалары**



мен ғылыми жоба, спорт жарыстарындағы жетістігі туралы айтып өтсеңіз...

– Мектебіміздің мерейін асырып жүрген мақтан тұтар шәірттеріміз аз емес. Оқушыларымыз аудандық пән олимпиадаларында, түрлі облыстық байқауларда жақсы нәтиже көрсетіп келеді, республикалық онлайн турнирлерге қатысып, бірнеше рет үздік атанды. Оқушыларымыз күрес, волейбол, жеңіл атлетика секцияларында жаттығады. Өңірлік жарыстарда жүлде алып жүрген оқушыларымыз да бар. Быылдан бастап ғылыми жобаларға қатысатын оқушыларға жеке менторлық жүйе енгізіп жатырмыз. Бұл алдағы уақытта өз нәтижесін береді деген ойдамын. Быыл ақпан айында Ақмола облысының Шучинск қаласында орналасқан "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығының базасында өткен XX республикалық "Зерде" зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыс-

тар байқауында медицина, психология, экология секциясы бойынша мектебіміздің мақтаныштары – 3 "Б" сыныбының оқушысы Жантере Тоқтарбай мен 7 "Б" сыныбының оқушысы Анель Жеңісова жүлделі 2-ші орын иеленді. Бұл - оларды жарысқа дайындаған жетекшілері Ляйла Ахметқалиеваның да жеңісі.

Сол сияқты Ұлпан Айдынкызы «Жарқын болашақ» олимпиадасының республикалық кезеңінде II дәрежелі диплом иегері атанды. Ол сондай-ақ республикалық «Мұқағали Мақатаев оқуларының» облыстық кезеңінде «Жыр эстафетасы» бағыты бойынша I орын, аудандық «Ақберен» өнер байқауында әссе жазудан II орын иеленді. Ал 10-сынып оқушысы Ардақ Рахила «Лияс Жансүгіров оқулары» байқауының республикалық кезеңінде II орынды жеңіп алды. 2-7 сынып оқушылары арасында өткен «Зерде» республикалық шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыс-

тары байқауының облыстық кезеңінде «Медицина, психология, экология» секциясы бойынша 7-сынып оқушысы Ақылжан Тыныштықов Абай облысы білім басқармасының I дәрежелі дипломымен марапатталды. Жетекшісі - Лаура Құсайынова.

Ауыл мектептерінің 9-10 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде қазақ мектептеріндегі орыс тілі пәнінен 9-сынып оқушысы Әдемі Жетпіс, химия пәнінен 10-сынып оқушысы Қуаныш Раисов Абай облысы білім басқармасының III дәрежелі дипломымен марапатталды. Жетекшілері - Ардақ Аубарикова, Жұлдыз Сембаева.

Ал жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар байқауының облыстық кезеңінде физика секциясы бойынша 9-сынып оқушысы Еркеназ Амангелді жақсы нәтиже көрсетіп, Абай облысы білім басқармасының III дәрежелі дипломымен марапатталды. Жетекшісі - Гүлнара Брасилова.

«XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік ойынының облыстық кезеңінде 11-сынып оқушысы Әдемі Серікқалиқызы II дәрежелі диплома ие болды. Жетекшісі - Қаламқас Айбекқызы.

– **Алдағы жоспарларыңыз, мектептің стратегиялық даму бағыты жайлы айтып өтсеңіз...**

– Білім саласын дамыту – Мемлекет басшысы қойған маңызды міндеттердің бірі. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін жаңашылдық пен өзгерістер қажет. Жоспар көп, өрине. Мектептің жұмысын жақсарту үшін бірқатар мақсаттарды айқындадық. Яғни зияткерлік мектеп тұжырымдамасын енгізу, цифрлық оқыту, онлайн-платформалар, пәндік олимпиадаларға дайындық орталығын құру мен STEM және IT бағыттарға басымдық беру, сонымен қатар робототехника, 3D модельдеу, бағдарламалау курстарын ашу жоспарда бар. Сондай-ақ педагогтердің кәсіби даму орталығын құру мен жас мұғалімдерге арналған менторлық, тәжірибе алмасу алаңдарын дамыту, инфрақұрылымды жаңарту, яғни демеушілер арқылы бірнеше кабинетті жаңарту, спорт алаңын реттеу көзделіп отыр. Білім сапасын 70 пайыздан жоғары көтеру, әдістемелік жұмыстарды жетілдіру, сараланған оқыту жүйесін енгізу де қарастырылуда. Сонымен қатар білім ошағының 100 жылдық мерейтойына орай мектеп мұражайын ашпақпыз. Бұл – біз үшін өте маңызды жоба. Мектеп тарихына қатысты құнды деректерді, ардагер ұстаздардың еңбегін жинақтап, келер ұрпаққа қалдыратын рухани орталық қажет. Бір қуантарлық, мұражай ашуға қажырай және материалдық қолдау көрсетуге ниетті демеушілер бар. Қазір мұражай тұжырымдамасын дайындауға кірісіп кеттік, мектеп тарихына қатысты деректерді жинақтап жатырмыз.

– **Сұхбатыңызға рақмет!**

Сұқбаттасқан
Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ

ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛТЫҢДЫ ҚҰРМЕТТЕУДЕН БАСТАЛАДЫ

Отбасы құндылықтарын сақтай отырып, қазақи менталитетімізге сай ибалылық, кішіпейлділік қонақжайлылық, мейірімділік, жақсыға құштарлықты бойға сіңіре білген отбасылар аз емес. Ақсуат ауданында ұрпақ тәрбиесінде ерекше рөл атқаратын, «Бір қолымен бекікті, бір қолымен әлемді тербеткен» аяулы аналарымыздың өмір жолы мен өнегесі кеңінен насихатталады. Аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Жұмаш Маханова мен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өміртай Секеновтың ұйымдастыруымен осы салада танымдық, тәрбиелік шаралар ұтымды ұйымдастырылып тұрады. Осы орайда балалардың, жастардың тәрбиесімен қатар, қоғамдағы тату-тәтті тірлік, береке-бірлік, адамдардың бір-біріне түсіністікпен қарауы насихатталады.



–Адамдардың арасындағы өзара жақсы қарым-қатынасы да біз үшін маңызды. Бүгінде бұл ұлттық құндылықтар, ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлерімізді жаңғыртумен айналысамыз, - дейді Жұмаш Маханова.

Аудандық әйелдер кеңесінің төрайымының айтуынша өсіп келе жатқан балаларға

бабадан қалған бай рухани қазынаны, ұлттық дәстүрлерімізді сіңдіретін ата-аналардың өзі тым аз, тіптен ата-аналардың бәрі бірдей ұлттық құндылықтарымызды жете білмейді. Сондықтан аудандағы мектептерді аралап, ұлттық құндылықтарды жастарға насихаттау мақсатында кездесулерді көбірек



өткізуі керек деп санайды.Ондай кездесулерде ұлтымызға тән рухани-адамгершілік құндылықтар, ананың отбасындағы орны мен тәрбиедегі үлесі туралы тағылымды ойлар айтылу керек. Арнайы бағдарламалар аясында жасөспірім ұл-қыздарға үлгі боларлық бейнероликтер көрсетіліп, жүрек тебірентер

әндер шырқалады, ана туралы жырлар оқылады. Кездесулер соңында көпке үлгі болған ақ жаулықты әжелерге, ұлттық салт-дәтүрді берік ұстанып, отбасылық құндылықтарды ардақтай білген жас келіндер мен күйеу балаларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталып, құрмет көрсетіледі. Тақырыптық кездесулерде, тағылымы мол, мағынасы зор әрбір шараның айтар ойы, көпшілікке берер ықпал, әсері зор.

– Өнегелі отбасы құндылықтары, ата-ана сыйластығы, бала тәрбиесі, жас келіндердің өнер-білім сайысы сияқты шараларды ұйымдастырудағы мақсатымыз – ананың қызына беретін үлгі-өнегесі туралы түсіндіру, ананың бесік жырғы арқылы ұрпағын адамгершілікке, адалдыққа, ізгілікке, инабаттылыққа баулу жолдарын көрсету. Ұмытыла бастаған салт-дәстүрлер, ұлттық құндылықтарды қайта жандандырып, аға ұрпақтың өнегелі өмір және еңбек жолын жас ұрпаққа насихаттап, үлгі етіп, тәрбие беру. Ата-бабамыз әжелден қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Олардан көркем мәнізді, ізетті, ұстамды болуды талап еткен. «Қыз өссе – елдің көркі» деп бағалаған қазақ халқы қыз баланы аялап, мәпелеп, ерекше құрметтеп, оның ақылды болып өсуіне айырықша мән берген. Сондықтан да біз жастар ортасына өнегелі отбасыларын шақырып, аталар мен әжелерден сұхбат алып, әңгімеге тартып, тәжірибелерін көпшілікке таратуға тырысамыз. Қазақ отбасындағы әженің, келіннің орнын, ер азаматтардың жанұя берекесін арттырудағы жауапкершілігін ерекше атап, отбасының, әулеттің ұйытқысы, ағайын-абысындардың бірлігі жан-жақты сөз болады. Өмірде мәңгі өшпес аты қалған дана ата-әжелердің есімін көпке таныстырып, тәлім-тәрбиесін түсіндіріп, олардан өнеге болып кейінгі ұрпаққа қалған береке-бірлік, татулық сияқты құндылықтарды көбірек дәріптейміз, – дейді әйелдер кеңесінің төрайымы Жұмаш Маханова.

Отбасылық тәрбиеде ұлттық құндылықтардың маңызы айрықша. Әр жанұяның басты құндылығы-балалары. Балаларымызды жерге қаратпасын десек, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңірген, үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсетуді білетін, ана тілін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелейік. Ұлттық құндылықтарымыздың да бағасы сонымен өлшенеді.

Х.СӘТІЕВ



ҰЛТ РУХАНИЯТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН БІЛІМ ОРДАСЫ



**Шағангүл ЖАНАЕВА,
М.О.Әуезов атындағы
педагогикалық колледж,
бірінші біліктілік санатты басшы,
ф.ғ.к, II дәрежелі “Барыс”
орденінің иегері**

Ғасырлық шежіресі бар бұл білім ордасының әрбір кезеңінде қазақ тарихындағы көрнекті саяси тұлғалар, қоғам қайраткерлері мен ұлттық ғылым мен ағартудың негізін қалаған тұлғалар оқып, еңбек еткен. Рухани биіктерді бағындырған дара тұлғалардың ізі қалған қара шаңырақ – тұтас ұлт пен мемлекеттің мақтанышы, ұлттық рух пен зерденің алтын бесігі.

Оқу орнының ерекше мақтанышы – оның даңқты педагогикалық ұжымы. Олардың танды еңбегінің, ізденісінің арқасында оқу орнының өзіндік дәстүрлері мен жоғары кәсіби шеберлігі қалыптасты. Мұнда Н.Құлжанов, А.Н. Белослюдов және П.Н. Белослюдов, Н.Я. Коншин, А. Сәтбаев, И.Я. Малахов, В.Н. Попов сынды көрнекті ағартушылар қызмет етті – олардың өсімдері отандық білім беру тарихына енді. Олар рухани ұстанымдарды қалыптастырып, ғылым, мәдениет және ағарту саласының болашақ көшбасшыларын тәрбиеледі. Бұл педагогтер туған жердің тарихы, этнографиясы және мәдениетін зерделеуге айтарлықтай үлес қосты. Осы баға жетпес еңбектері үшін Семейдегі Ресей географиялық қоғамының құрметті мүшелері атағына ие болды — бұл олардың ғылыми қауымдастықтағы жоғары беделінің айғағы еді.

Семинария түлектері педагогикалық қызметпен ғана шектелмей, қоғамдық ойдың көшбасшылары, ғалымдар, саяси қайраткерлер ретінде халыққа қызмет етуді ең жоғары құндылық санап, өз өмірлерін осы іске арнады. Олар өз халқының болашағы үшін, оның тілі, мәдениеті мен тарихи жадысын сақтап қалу үшін адал еңбек етті. Осындай бай тарихи-мәдени мұра колледжде жай ғана білім беру мекемесі емес, руханият, ғылым және ағартудың шынайы қазынасына айналдырады. Семинарияда алғаш оқыған он сегіз қазақ жастарының кейін түгелдей дерлік «Алаш» қозғалысының белсенді мүшелері болғаны ұлт санасының оянуына ұйықты болған қасиетті орданың рухани қуатын айғақтайды. Оқу орны қабырғасында тек білім емес, бостандықтың рухы, еркіндік пен елдікке деген ұмтылыс қалыптасты. Мұнда ұлттың болашақ кемеңгерлерінің рухы оянып, санасы серпілді, үлкен жолдың алғашқы қадамы салынды.

Оқу орнында ұлттық ғылым мен өнердің негізін қалаған тұлғалар Ж.Аймауытов, М.О.Әуезов, Қ.И.Сәтпаев, Ә.Х.Марғұлан, Шәкен Айманов, ҚазКСР министрлері болған Ш.Қабылбаев, Ә.И.Сембаев, Кеңес Одағының Батырлары І.Айтқов, В. Бунтовских, В. Шулятиков білім алды.

Оқу орнының оқытушылары арасында «Алаш» қозғалысының көрнекті өкілдері де болды. Алаш қайраткері, 1922-1927 жж. педагогикалық техникум директоры Ә.З.Сәтпаев, «Алаш» партиясы мен Алашорданың көшбасшыларының бірі Х.Ғаббасов, алғашқы қазақ профессоры-математик, «Жоғары математика курсы» (1935) және қазақ тіліндегі математикалық терминдер сөздігінің (1936) авторы, «Алаш» қозғалысының көшбасшысы Ә.Ермеков сияқты ұлттық ағартушылықтың, ғылым мен мемлекеттік сананың қалыптасуында маңызды рөл атқарған тұлғалар шәкірттеріне білім беріп қана қоймай, ұлтқа қызмет етудің үлгісін де көрсетті.

Оқу орны түлектері қатарында Социалистік Еңбек Ерлері Ж. Шайжүнісов, М.А. Носов және Д.М.Парий бар. Олардың өмір жолдары - оқу орнының тарихындағы жарқын беттер, олардың қызметі – адал еңбектің, әділеттіліктің және Отанға деген махаббаттың дәлелі. Семей педагогикалық техникумы кадрлар даярлайтын ғана емес, ұлттық тағдырды айқындаған тұлғаларды қалыптастырған рухани және идеологиялық орталыққа айналды.

1903 жылы құрылған М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж - бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының жетекші техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының бірі. Ғасырдан астам тарихы бар колледж білім беру мекемесі ғана емес, ағартушылық, ғылым және ұлттық идеяның көрнекті тұлғалары еңбегінің нәтижесі болып табылатын мәдени және интеллектуалдық мұра сақтаушысы іспетті.

Колледждің бай тарихи мұрасы қазіргі жас ұрпақты жігерлендіріп, олардың бойында ұлттық сана мен рухани құндылықтарға негізделген ағартушылық және ғылыми-шығармашылық бастамалардың дамуына тың серпін беріп отыр. Оқу орнында Алаш қозғалысының көрнекті өкілдері А. Сәтпаев, Ә. Ермеков, Х. Ғаббасов сынды тарихи тұлғалардың өмірі мен ғылыми-педагогикалық қызметіне арналған атаулы дәрісханалар жұмыс істейді.

Аталған дәрісханалар білім беру үдерісін қамтамасыз ететін, заманауи талаптарға сай әдістемелік және материалдық-техникалық базамен жабдықталған пәндік кабинеттер ғана емес, сонымен қатар осы тұлғалардың ғылыми мұраларын зерделеуге, олардың қоғамдық-саяси қызметін терең түсінуге бағытталған ғылыми-зерттеу, жобалау және танымдық жұмыстар

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы жетекші мекемелерінің бірі М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі - жоғары деңгейдегі мамандар даярлайтын оқу орны. Оның қалыптасуы мен дамуы мемлекет тарихындағы күрделі әрі күреске толы кезеңмен тығыз байланысты. 1903 жылы Семей мұғалімдер семинариясыретінде ашылған оқу орны Батыс Сібір округінің халық мектептерін педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етті. Семинария өзінің тарихында бірнеше кезеңнен өтті: 1920 жылы – Халық ағарту институты, 1922 жылы – педагогикалық техникум, 1937 жылы – педагогикалық училище, 1992 жылы педагогикалық колледж болып өзгерді.

жүргізілетін шағын ғылыми зерттеу орталықтары қызметін де атқарады.

Бұл орталықтар сонымен қатар ұлттық бірегейлікті нығайтуға және гуманитарлық білімді дамытуға бағытталған ғылыми коммуникацияның тиімді құралы. Меценаттардың колледж қызметіне инвестиция салуы — бұл оқу орнының заманауи материалдық-техникалық базасын дамытуға үлес қосып қана қоймай, сонымен бірге ұлттық бірегейлікті сақтап, жастарды жоғары моральдық және интеллектуалдық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге ықпал етеді. Колледждің тұрақты даму стратегиясы аясында меценаттық ресурстар кешенді түрде пайдаланылады: олар инфрақұрылымды жаңғыртуға және сапалы маман даярлауға бағытталған. Мұндай қолдау әсіресе Қазақстанның ғылымы, мәдениеті және мемлекеттіліктің іргетасын қалаған көшбасшылар шығарған оқу орнында зор маңызға ие.

2011 жылдан бастап меценаттардың демократиялық арқасында колледжге 938 миллион теңгеден астам инвестиция тартылды. Меценаттықты білім беру ұйымының даму стратегиясына тиімді



енгізу оның материалдық-техникалық базасын нығайтып қана қоймай, беделін арттыруға, білім беру қызметтерінің ауқымын кеңейтуге және инновациялық инфрақұрылым құруға септігін тигізеді.

Меценаттық әлеуметтік жауапкершіліктің бір формасы ретінде терең тарихи тамырлары бар және қоғамдық маңызы зор бастамаларды қолдауға бағытталған ерікті қайырымдылық қызметі ретінде қарастырылады. Білім саласында меценаттық ерекше маңызға ие, өйткені ол оқыту шарттарын жақсартуға ғана емес, рухани және моральдық құндылықтарды қалыптастыруға, ұрпақтар арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал етеді.

Қазіргі зерттеулер көрсеткендей, меценаттық бастамалар — қоғамдық-мемлекеттік серіктестіктің маңызды элементі. Колледжде 40-тан астам атаулы дәрісхана ашылған, оның 20-сы меценаттардың қаржыландыруымен құрылды. Бұл кабинеттер колледждің көрнекті түлектері мен ұстаздарының өсімдерін иеленіп, ұрпақтар сабақтастығын айқындап, оқу орнының корпоративтік мәдениетін нығайтты.

Меценаттар арасында Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Сыртқы істер министрі Т.Ы. Сүлейменов, ҚР Мәжіліс депутаты Р.К. Сарпеков, «Ибраев+К» компаниясының директоры Ф.Т. Ибраев, «Ақшын» корпорациясының президенті М.С. Құрманбаев, «Силикат» АҚ президенті Б.Т. Адиянов және басқа да құрметті азаматтар бар.

2024 жылы колледждің 120 жылдық мерейтойы аясында жүзеге асырылған маңызды жобалардың бірі – «Қаражыра» АҚ-ның демократиялық рухани-мәдени орталық «Ес-Аймақ» болды. Бұл орталық ұлттық рухани жаңғыруына, жастардың адамгершілік пен отансүйгіштік құндылықтар негізінде тәрбие алуына бағытталған іргелі бастамалардың бірі ретінде танылды.

«Ес-Аймақ» – мәдени іс-шаралар өтетін алаң ғана емес, ол – өткен мен бүгіннің арасындағы алтын көпір, жастардың тарихи санасы мен рухани өрісін кеңейтетін, парасат пен ізгілікті дәріптейтін орталық. Мұнда ұлттық дәстүрлер мен заманауи тәрбие модельдері өзара үйлесім тапқан. Аталған кеңістік жастардың елжандылық, әділдік, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді бойына сіңіруіне, яғни «Адал Азамат» ретінде қалыптасуына серпін береді. Орталықтағы әрбір шара – тұлғаның ішкі мәдениетін арттырып, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға негізделеді. Мұндай бастамалар колледждің ғасырдан астам тарихын жаңа деңгейге көтеріп, болашақ ұрпаққа рухани мұра мен жауапкершілік жүгін аманаттаудың жарқын үлгісі болып отыр.

Сонымен қатар «Kazakhmys Barlau», «TROYA» компанияларының, Тұрлыхановтар мен Хасеновтер өулеттерінің, жазушы А. Елгезек және басқа азаматтардың қолдауымен заманауи оқу кабинеттері ашылып, білім беру ортасының заманауи талаптарына сай жабдықталды.

120 жылдық тарихында колледж білім беру және тәрбие жұмысын қатар жүргізу арқылы жүйелі даму траекториясын қалыптастырды. Меценаттықты колледждің даму стратегиясына тиімді интеграциялау оқу орнының бірнеше маңызды бағытта өсуіне жол ашты. Біріншіден, оқу үдерісінің инфрақұрылымы жаңартылып, білім беру кеңістігінің материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Екіншіден, педагогтер мен студенттердің шығармашылық және кәсіби ынтықтасы артты. Бұл жаңғыртулар заманауи инновациялық білім беру технологияларын енгізуге мүмкіндік туғызып, білім сапасын жетілдіруге ықпал етті. Сонымен қатар тәрбиелік жұмыстар жаңа қарқынмен жүзеге асырылып, оның ішінде патриоттық компоненттің күшеюі ұлттық болмыс пен тарихи жадының ұлықтаудың нақты көрінісі болды. Колледждің көпжылдық тарихи дәстүрлері жаңаша сипат алып, сабақтастық рухында дамуда.



және аймақтық кәсіби алаңдарда атқарып жүрген ғылыми-әдістемелік қызметінің нәтижелері колледждің кадрлық әлеуетінің жоғары деңгейде екенін және кәсіби өсу мен ғылыми ізденіс жұмыстарының жүйелі жүргізіліп отырғанын көрсетеді: 4 оқытушы – «Талап» КеАҚ-тың штаттан тыс тренері болса, 9 оқытушы жалпы білім беретін пәндер бойынша аймақтық тренерлер ретінде танылған. Оқу құралдарын сараптау, оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын әзірлеу және бағалау жұмыстарына белсене араласатын педагогтер саны жылдан-жылға артып келеді. Колледж оқытушыларының Ұлттық біліктілік тестілеу тапсырмаларын әзірлеуге, сараптау және апелляциялық комиссия жұмыстарына қатысуы оқу орнының ғылыми әлеуетінің жоғары деңгейін айқындайды. Педагогтердің республикалық «Үздік педагог» және «Кәсіби шеберлік» байқауларында жеңімпаз атануы - кәсіби шеберлік пен үздіксіз даму үрдісінің нақты көрінісі.

Меценаттардың қолдауымен дайындалып, жарық көрген «Алаштың тұңғыш білім ордасы» атты үш томдық тарихи-танымдық басылым колледждің ғылыми әлеуетін танытатын маңызды ғылыми-мәдени жоба екені айқын. Бұл еңбек оқу орнының ғасырдан астам даму тарихын жан-жақты зерделеп қана қоймай, оны ұлттық ағартушылық идеялардың, педагогикалық дәстүрлер мен білім беру инновацияларының бастауында тұрған оқу орындарының бірі ретінде ғылыми негізде сипаттайды. Жинақтың жарық көруі колледждің зерттеу қызметіндегі институционалдық қабілетін, білім беру кеңістігіне қосып отырған үлесін айқындайды. Аталған үш томдық Қазақстанның, Ресейдің Омск пен Томск қалаларындағы архивтік мекемелерімен тығыз ынтымақтастықтың нәтижесінде дайындалды. Бұл зерттеу арқылы ерекше тарихи құжаттар жинақталып, жүйеленді.

Басылымды оқу орнының дамуына, оның көрнекті ұстаздары мен түлектерінің ғылымға, білімге және ұлттық сананың дамуына қосқан үлесін танытуға ықпал ететін қуатты құрал деп айтуға толық негіз бар. Бұл еңбек қазіргі студенттер мен оқытушылардың бойындағы тарихи сабақтастық пен мақтанш сезімін нығайтып қана қоймай, әрі қарайғы ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламалары үшін маңызды ресурсқа айналады. Қазақстанның мәдени-ағартушылық дәстүрлерін сақтауға және дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі — кәсіби біліммен қатар тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету. Бұл талапқа сай болу үшін білім беру мекемелері тек қана кәсіби құзыретті маман емес, сонымен бірге өз ойын еркін жеткізе алатын, шешім қабылдай білетін, әлеуметтік белсенді, өмір бойы білім алуға қабілетті тұлға тәрбиелеуге міндетті. Осы мақсатта Алаштың тұңғыш білім ордасы атанған оқу орнымыздың педагогикалық моделі заманауи талаптарға сай құрылып, студенттің тұлғалық дамуы мен кәсіптік жетістігіне бағытталған. Педагогикалық модель — бұл оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен жүзеге асыруда қолданылатын жүйелі, мақсатты және ғылыми негізделген тәсілдер жынтығы. Педагогикалық модельдің басты мақсаты - студенттің тұлғалық әлеуетін ашу; кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру; еңбек нарығына бейімделген бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу.

2011 жылы қыркүйек айында өткен педагогикалық кеңесте оқу орнында 25 жыл еңбек еткен ардагерлер мен колледждің материалдық-техникалық базасының нығаюына демеушілік көрсеткен меценаттарды, М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын зерттеуші ғалымдарды «Мұхтар Омарханұлы Әуезов» төсбелгісімен марапаттау туралы шешім қабылданды. Колледждегі әрбір оқытушы мен білім алушы оқу орнының түлегі, ҚазақКСР Ғылым Академиясының академигі, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, жазушы М.О.Әуезовтің мұрасын насихаттауды өзінің азаматтық борышы деп санайды. Осы мақсатта ұйымдастырылатын «Әуезов сыны» байқауы – барлық топ жетекшілері мен студенттер үшін жауапты сын. «Әуезов сыны» байқауынан іріктеліп шыққан жеңімпаздар М.Әуезовтің туған күніне арналған салтанатты лездемеде арнайы «Үздік Әуезовші» төсбелгісімен марапатталады және арнайы Әуезов шәкіртақысы тағайындалады.

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледждің оқу-тәрбие моделі – тұлғалық дамуы кесіптік даярлықпен ұштастыра отырып, заманауи талаптарға сай маман қалыптастырудың тиімді жолы. Бұл модель студенттің жан-жақты дамуына, еңбек нарығына лайықты бейімделуіне, өмірлік және кәсіби табысына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Білім беру сапасын арттыру және ғылыми-зерттеушілік құзыреттілікті дамыту бағытындағы жүйелі жұмыстар аясында үздік нәтижеге қол жеткізген студенттер бірқатар атаулы шәкіртақылармен марапатталады. Атап айтқанда, Ұлы Отан соғысының ардагері, ширек ғасыр бойы оқу орнының басшысы қызметін абыроймен атқарған А.Т.Бекбаев атындағы және аталған білім беру ұйымында директорлық қызметте болған Ж.Дәукеев атындағы шәкіртақылар аға буын өкілдерінің жеке қаржылық қолдауымен тағайындалады. Оқу орны студенттерін ынталандыру, тұлғаландыру тетігі ретінде тағайындалатын М.О.Әуезов атындағы шәкіртақы колледждің бюджеттен тыс қаржысы есебінен қаржыландырылады. Бұл бастама оқу орнының жалпы стратегиялық мақсаттарымен – сапалы білім беру, инновациялық ойлауды қолдау және жас мамандардың кәсіби өсуін қамтамасыз ету бағыттарымен сабақтастып жатыр. Бүгінгі таңда білім беру мекемелерінің басты миссиясы – жеке тұлға мен маманды тұтастықта дамыту, осы миссияны жүзеге асыруда Әуезов колледжі өзіндік үлесін қосуда.

Ғылым мен білімге инвестиция салу – келешекке жасалған сенімді қадам. Сондықтан колледж ұжымы да еліміздің адами капиталының сапасын арттыруға, ғылыми әлеуетін нығайтуға бағытталған стратегиялық бағдарды жүйелі іске асырып келеді.

Біз білімнің қара шаңырағы – М.Әуезов атындағы педагогикалық колледж болашақта да ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген және жоғары әлеуметтік жауапкершілікке ие азаматтарды тәрбиелі беретінін сенімдіміз.

ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ

ЖАПЫРАҚ ЖАЙҒАН БӘЙТЕРЕК

Бесқарағай ауданы Беген ауылындағы Асылғожиндер әулетінің өнегелі жолы



Қазақта «қыз - өріс, келін - қоныс» деген қастерлі сөз бар. Осы бір ғана ұғым бүгінгі таңда ұлттық тәрбиенің мәйегін сақтап отырған әулеттердің болмысында анық көрінеді. Сондай отбасылардың бірі - Бесқарағай ауданының Беген ауылында тамыр жайған, елге сыйлы, ынтымағы жарасқан Асылғожиндер әулеті.

Асылғожиндер әулетінің бүгінгі берекесі мен отбасылық құндылықтарды сақтаудағы ауылдастарына үлгі бола білуі қарапайым еңбегімен елге қадірлі болған Төлеубек ата мен Кұлжан анандан бастау алған. Төлеу ата 1926 жылы Семей өңірінде дүниеге келіп, саналы ғұмырын еңбекпен өрнектеген азамат. Беген совхозында есепші, қойма меңгерушісі болып жұмыс атқарып, елге сыйлы ақсақал деңгейіне жетіп, 87 жасында бақилық болды.

Кұлжан ана 1929 жылы Бесқарағайдың Топольки ауылында туған. 1947 жылы келін болып түсіп, алтын құрсақ ана атанып, шаңырақтың шамшырағына айналды. Балабақшада кір жуушы болып еңбек еткен ананың мейірімі, кеңпейілділігі, жанының жомарттығы әлі күнге ел есінде. Біздің халқымызда әулеттегі әженің орны ерекше. Әже - ұлт тәрбиесінің ұйытқысы, ұрпақ саулығының алтын діңгегі. Асыл аналарымыз бен ұлы әжелеріміздің тәлім-тәрбиесін көріп, Зердей зерделі ұлағатты әженің тәрбиесін алған ұлы Абай, Айғанымдай әженің өнегесін көріп өскен Шоқан, заңғар жазушы, Шерхан Мұртазаның бойына үлкен қасиетті қундақтан сңіре білген абыз әжесі Айша нағыз мейірім мен даналықтың, тәрбие мен тағылымның қайнар көзі емес пе! Қазақтың әжелері өздерінің аналық жүрегімен, даналығымен ұрпаққа үлгі бола білген. Бұл әулет те солай, Кұлжан апаның айтқанын екі етпей, бірін-бірі құрметтеуімен ауылдастарына үлгі болды. Ұрпақ бақты көріп, 2021 жылы 90 жасқа таяғанда немере, шөберелерінің ортасында дүниеден өтті.

Көп балалы отбасы - мейірім мен бірліктің, тәрбиенің мектебі. Қазақ халқы ертерден баланы бақыт, береке санаған. Көп балалы отбасында өскен балалар бауырмал, көпшіл болады. Негізі, бала тәрбиесі, ең алдымен, отбасынан басталады. Ата-ананың мінезі, сөзі, іс-әрекеті - бала үшін үлгі-өнеге. Ата-ананың махаббаты мен мейірімі, сыйластығы мен жауапкершілігі баланың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Осы екі ардақты

жан өмірге серіз ұл-қыз өкеліп, олардан тараған 16 немере, 5 жиен немере және 14 шөбере сүйді. Олар бүгінде текті әулеттің өмірін жалғап отыр. Ата мен ананың көрегендігі, кісілік қасиеті ұрпақтарына үлгі, ауылға өнеге болып келеді.

Абысын-ажындардың ауызбіршілігі - әулеттің берекесі. Халқымызда «Келін ененің топырағынан жаралады» деген сөз бар ғой. Бұл әулеттегі келіндер де марқұм Кұлжан апаның өзіне ұқсайды. Ел ішінде сыйлы бұл әулет «үлгілі абысындар» атанған келіндері мен қыздарының тату-тәтті тіршілігімен танылған.

Беген ауылында Кұлжан ананың келін тәрбиесіндегі парасаты туралы ел аңыздай қылып айтады. Оның көргенділігі, жас келінге деген құрмет-қамқорлығы, батагөйлігі бүгінде әулеттің әйелдеріне жол-жоралғы болып жеткен. Ауылдың әйелдер кеңесі де бұл әулеттің ынтымағын жастарға үлгі етіп отырады. «Берекесі жарасқан абысындардың ауызбіршілігі - бүкіл ауылға үлгі», - дейді ауыл үлкендері.

Әулеттің үлкені Ертілек әкесі Төлеу ағадан кейін өзінен кіші бауыр-қарындастарының басын біріктіріп, олардың туыстық қарым-қатынасқа адалдығын сақтауға ұйытқы болып отырған азамат. Ұрпақтан тараған немере, жиен, шөберелердің бір-бірімен туыстық қатынасты сақтауы сөзі салмақты, ісі берекелі азамат Ертілектің үнемі назарында. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ауылдың тұңғыш әкімі ретінде елге қызмет етіп, адал еңбегімен ауылдастарының құрметіне бөленді. Кейін «Асылғожа» қожалығын құрып, шаруашылықты дамытып, үлкен әулеттің тірегіне айналды. Ұлдары Еркін мен Дәулет Одақ көзінде елге еңбекқорлығымен танылған тракторшылар болды, кейін жеке шаруашылық жұмысына белсене араласып, бүгінде ауыл шаруашылығын өркендетуге өз үлестерін қосып жүр.

Манарбек, Анар, Сәуле - ауыл мектебінің ұстаздары, ел аузына іліккен білімді педагогтер. Барлық келіндері ұзақ жылдар бойы мектеп кітапханасында қызмет етіп, ауыл балаларына білім мен тәрбие жолында еңбек сіңірген жандар. «Келін ененің топырағынан» деген дана қазақ келін мен ененің отбасындағы орнын әдемі байланыстырған. Келіні жақсының керегесі алтын. Өйткені шаңырақтың беріктігі мен ынтымағы, отбасындағы ұл-қыздың ұлағатты тәрбиесі ене мен келіннің бойындағы жақсы қа-

сиеттермен астасып жатады. Демек, өнегелі ене мен ибалы келін ортасында сыйлы болуымен қатар, ағайын-туыс арасындағы алтын көпір іспетті. Кұлжан апаның тәрбиесін көрген әулеттің келіндері бұл күндері өз келіндерін тәрбиелеуде.

Бұл әулеттің үлкені де, кішісі де еліміздің өркендеуіне үлкен үлес қосып келеді. Ұлдарының бірі Нұрлан - Беген ауылдық округінің әкімі. Халықтың сенімінен шыққан, іскерлігімен танылған азамат. Кенже ұл Ерлан мен келіні Сапура - Тараз қаласында жеке кәсіп ашып, тыңдырымды тірлік жасап жүр. Қыздары Гүлмира мен Эльмира өз саласында жемісті еңбек етіп жүр.

Немерелердің ішінде Ильяс «Асылғожа» қожалығында әке жолын жалғастырып, шаруашылықты жаңа деңгейге көтеру мақсатында еңбекке араласты. Ғани Қоянбай ауылдық округте әкім болды, қазір мемлекеттік қызметін облыс әкімдігінде жалғастыруда.

Әулеттің келіндерінің бірі - Гүлбаршан Бектемісқызы мектепте кітапханашысы, бүгінде зейнеткер. Жолдасы Дәулетбек екеуі үш немере сүйіп, ел қатарлы еңбек еткен берекелі отбасы. Ұлдары Бақытбек - Астанада мұғалім, отбасылы. Жиендері Сәрсен мен Айзере де ата-әжесінің, ата-анасының көз қуанышы болып өсіп келеді.

Манарбек пен Гаухар - кәсіпкерліктің дамуына өз үлестерін қосып жүрген жандар. Қыздары Айдана - мұғалім, күйеу баласы Жандос - әскери қызметкер. Асылғожина Сәуле Ыдырысқызы - мектепте зертхана меңгерушісі, ал жұбайы Нұрлан Төлеуұлы - ауыл әкімі. Сапура Асылғожина әулетке 1991 жылы келін болып түскен. Текті тәрбие көріп, отбасының барлық салт-дәстүрін құрметтеп, 33 жыл бойы атасы мен енесінің қабағына қарап сыйлаған баталы келін. Отағасы Ерланмен бірге жеке кәсіп ашып, қазіргі таңда елге адал қызмет етуде. Айсулу Сағынайқызы жоғары білімді, кәсіпкер ана. Үш баласы бар,

елге үлгі болып жүрген келіндердің бірі. Ғани Нұрланұлы - Абай облысы әкімі аппаратының инспекторы. Гүлфира Алшыханқызы - өнер мектебінің директоры, төрт баланың анасы, үш немеренің әжесі.

Асылғожиндер әулетінің бүгінгі таңда жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей қанат жаюы - Төлеу ата мен Кұлжан ананың өнегелі өмірі мен тәрбиесінің жемісі. «Қазақ аналары - дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрайымы Айнұр Жүгінісованың бастамасымен ұлттық сана мен тәлім-тәрбиені насихаттауға арналған республикалық «Абысын-ажын» байқауы жыл сайын өтіп тұратынын көпшілік біледі. Бесқарағайлықтар да бұл игі бастамадан қалыс қалмайды. Әйелдер және зейнеткерлер кеңесінің төрайымы, аудандық қоғамдық кеңес мүшесі Самал Әбдрахманқызының айтуынша, бұл байқау дәл бүгінгі қоғамға ауадай қажет.

- Ұрпақ тәрбиесін темірқазық етіп, отбасылық құндылықты қасиет тұтқан әулеттің келіндері - елдің берекесі. Осы жолда ізгілікке үндейтін шара көпке үлгі болуы керек. Бүгінгі күні «жеке тәрбиесі» атты кішігірім институттан өтетін балалар бар ма? Өкінішке қарай, бұндай тәрбиені алатын бүлдіршіндер саны аз. Қазіргі кейбір қалалық ақ саусақ келіндердің заман талабы деп өзге ұлттың тәрбиесін ұстанатыны да өтірік емес. Баласын туған әжесімен араластырмайтындарды да көріп жүрміз. Тіпті кей әжейлеріміздің бала тәрбиесіне қарауға құлқы да жоқ. Бала тек білікті ұстаз бен мықты мектептен білім алса жетіп жатыр деп ойлайтындар аз емес. Балаға әже тәрбиесі де қажет. Мектептен тек әріп танып, білім алса, ата-әжелеріміз немерелерінің бойына салт-дәстүрлеріміз бен қазақты тәрбиені сіңіреді. Үлкенді сыйлауды, құрмет тұтуды ата мен әже тәрбиесін алғандардан үйрену керек. Қазіргі «әже» деген сөздің орнын «әжеке» алмастырып жатқан

заманда ұлттық құндылықтың қасиеті арзаңдап кеткендей көрінеді, - дейді Самал Әбдрахманқызы.

Асылғожиндердің келіндері республикалық «Абысын-ажын» байқауына қатысып, жеңімпаз атанды. Ене мен келіннің түсініспеушілігі басым болып бара жатқан заманда әулеттегі құндылықты сақтай білу сол шаңырақтағы сыйластықтың, береке-бірліктің бастауы. Жас келін ертеңгі әулет анасы болатындықтан, оның кемелденіп, ұлағатты ана ретінде қалыптасуы үшін ата-енесі, күйеуі, абысын-ажындары жан-жақты жанашырлық танытуға тиісті. Міне, әулеттің келіндері осы байқауда өз өмірлерімен көпке үлгі болды.

Асылғожиндер әулетінде әр жаңа жылды Төлеу ата мен Кұлжан ананың үлкен шаңырағында қарсы алу өзгермейтін дәстүрге айналған. Бұл күні алыс-жақындағы әулеттің үлкен-кішісі, балалары, немере-шөберелері, ауылға, қара шаңыраққа жол тартады. Бірін-бірі сағынысып көріскен ұрпақ өкілдері жыл бойғы атқарған істерін, жетістіктерін ортаға салып, алдағы жоспарларын бөліседі. Әулеттің әр жаңа жылды қара шаңырақта қарсы алу дәстүрі - олардың бірлігінің айғағы. Қазақстанның қай түкпірінде жүрсе де, бәрі Бегенге асығып, ата-баба үйінде бас қосы - олардың бауырмалдығының, тектілігінің белгісі. Әулеттің бірлігі, жас келіннің үлкенге ізеті, абысындардың тату тірлігі - ұлттық тәрбиенің нағыз қасиеті. Ел ертеңі - бүгінгі жастар. Ал жас бүіні үшін ата мен әже тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін ұғындыру - бүгінгіге аманат. Ауылды ақсақал билесе, отбасындағы тәрбиеге әже жауапты екенін жастардың біліп жүргендері абзал.

Ұрпағы өсіп-өнген, дәстүрі жоғалмаған, ынтымағы үзілмеген әулет - елдің ырысы. Еліне сыйлы әулеттің мерейі әрдайым үстем болсын, дәулетіне сәулеті сай шаңырақтың шырағы ешқашан сөнбесін деп тілейміз!

Ерболат РАХМЕТУЛЛИН

ҰРЖАР

Абай облысы Ұржар ауданының прокуратурасы ауылдық округтің бұрынғы әкімінің алаяқтық жолымен 500 мың теңгеден астам бюджет қаражатын жымқырғанын анықтады. Тергеу мәліметінше, лауазымды тұлға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға бөлінген қаражатты жеке пайдасына бағыттап, жалған құжаттар жасау арқылы ақшаны заңсыз түрде иеленген.

БҰРЫНҒЫ ӘКІМ АЛАЯҚТЫҚ ҮШІН 3,5 ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ



Прокуратураның хабарлауынша, айыпталушы қызметте отырған кезде бірнеше азаматты қоғамдық жұмысқа тартқандай көрсетіп, олардың аты-жөнінен жалған тізімдеме толтырған. Нәтижесінде ешбір жұмыс атқарылмаса да, еңбекақы ретінде рәсімделген қаражат әкімнің өзіне түсіп отырған. Бұл схема классикалық алаяқтық әрекеттің нақты үлгісі болып отыр.

Тексеру материалдары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаментіне жолданып, сотқа дейінгі тергеу барысында барлық дерек толық дәлелденді. Сот үкімімен бұрынғы әкім ҚР ҚК-нің 190-бабы («Алаяқтық») бойынша кінәлі деп танылып, 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айырылды. Сонымен қатар ол мемлекеттік қызметте лауазым иелену құқығынан өмір бойына шеттетілді. Мемлекетке келтірілген 500 мың теңгеден астам залал толық көлемде өтелді.

Сарапшылардың пікірінше, бұл - алаяқтық пен жемқорлықтың жасырын түрі.

Жемқорлық көбіне параметр, қызмет бабын асыра пайдаланумен байланысты бағаланса, ауыл әкімінің ісі көрсеткендей, алаяқтық та мемлекеттік қаржыны қолды қылатын жемқорлықтың бір тармағы. Алаяқтық қылмыстар мемлекеттік секторда көбейіп отырғаны жасырын емес. Олар көбіне жалған құжат рәсімдеу, орындалмаған қызметтерді орындағандай

көрсету, жалған еңбек келісімдерін жасау, мемлекеттік бағдарламалар арқылы ақша алу схемалары арқылы жасалады. Мұндай қылмыстар ел экономикасына ғана емес, қоғамның билікке деген сеніміне де нұқсан келтіреді. Сыбайлас жемқорлық көрсеткіші осындай қылмыстық элементтердің салдарынан өсіп отыр.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің деректеріне сәйкес, 2025 жылдың қазан айында пара алу фактілері айтарлықтай көбейген. Бар болғаны бір ай ішінде 26 азамат заңсыз ақша алып жатқан жерінде ұсталған. Бұл көрсеткіш сыбайлас жемқорлықтың әлі де өзекті проблема екенін айғақтайды. Жемқорлықпен күрес күшейгіменен, алаяқтық әрекеттердің күрделене түсуі бақылауды әлсіретпеді талап етеді. Жауапты органдар цифрлық бақылауды күшейтуді, қаржы айналымдарының ашықтығын арттыруды қажет деп отыр.

Ауыл әкімдігі деңгейінде орын алған алаяқтық фактісі — халықтың жергілікті билікке деген сеніміне тікелей соққы. Бюджеттің әрбір теңгесі — ауыл инфрақұрылымы, әлеуметтік жоспарлар, халықтың әлуақаты үшін бөлінген қаражат. Оның жымқырылуы тек қылмыстық әрекет емес, қоғам алдындағы моральдық жауапкершілікті өрескел бұзу.

Мамандар жергілікті басқару органдарында ашықтықты арттыру үшін бюджеттік процестерді онлайн жариялау, қоғамдық бақылау кеңестерін белсенді ету, барлық төлемдерді цифрлық форматқа көшіру, жемқорлыққа қарсы білім мен жауапкершілікті күшейту қажет екенін айтады.

Ұржар ауданындағы бұрынғы әкімге қатысты үкім — алаяқтық пен жемқорлықтың жазасыз қалмайтынның айқын дәлелі. Мемлекет бюджет қаржысын қорғау үшін соңғы жылдары бақылауды күшейтіп, қылмыстық жауапкершілікті қатайтып келеді.

Жемқорлықты түбегейлі жою — тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әр азаматтың құқықтық мәдениеті мен белсенді азаматтық ұстанымы ғана әділ және ашық қоғам құруға жол ашады.

«СТ»-ақпарат



Ұржар ауданында азамат Т заңды күшіне енген сот шешімін орындаудан жалтарғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Алты айдан астам уақыт бойы өз міндеттемелерін орындамай келген Т-ның әрекеттері тек заң бұзушылық қана емес, сонымен бірге алаяқтық сипатында болды деп бағаланды.

СОТ ШЕШІМІН ОРЫНДАҒАН...

Қаралған қылмыстық іс материалдарына сәйкес, Т-ның өтелмеген міндеттемелерінің жалпы сомасы он мың айлық есептік көрсеткіштен асқан. Сот анықтағандай, оның сот актісін орындауға нақты мүмкіндігі бар болғанына қарамастан, әдейі одан жалтарған. Бұл - азаматтардың заң алдындағы жауапкершілігінен жалтаруы ғана емес, сонымен бірге алаяқтыққа жататын іс-әрекет.

Азамат Т-ның алаяқтыққа төн әрекеттерінің бірі - жеке сот орындаушысына жалған құжаттар ұсынуы. Сонымен қатар мүлкіне қойылған тыйым алынған кезеңде Т жылжымалы мүлкікті сату және сатып алу мәмілелерін жасаған. Оның қаражатты басқа мақсаттарға жұмсағаны сот талдауымен дәлелденді. Мұндай әрекеттер құқық қорғау органдары мен сот тәжірибесі бойынша, сот шешімін орындамаумен қатар, алаяқтық болып та есептеледі. Мұндай қадамдар қоғам үшін үлкен қауіп тудырып, заңды орындаушылар мен азаматтардың сенімін әлсіретеді.

Ұржар аудандық сотының шешімі бойынша, Т-ға қатысты жеке сот орындаушысына жеке қаулы қабылданды. Қаулы Абай облысының сот орындаушыларының өңірлік палатасына жіберілді, сот үкімі өзгеріссіз қалдырылды. Бұл іс сот шешімдерін орындаудың маңыздылығын және алаяқтық әрекеттердің қатаң жазаланатынын тағы бір мәрте көрсетті.

Сарапшылар атап өткендей, сот шешімін орындаудан жалтару, жалған құжаттарды қолдану және мүлкікті заңсыз айналымға шығару — тек жеке құқық бұзушылық қана емес, алаяқтықтың ашық көрінісі. Мұндай әрекеттер заңға бағынбаған азаматтар үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де қауіп төндіреді. Сондықтан сот үкімдері мен міндеттемелерді орындау әрбір азаматтың жауапкершілігінде.

Бұл оқиға азаматтардың заң алдындағы жауапкершілігін терең сезінуі қажет екенін еске салады. Алаяқтық сияқты құқыққа қайшы әрекеттерге бармау — әрбір адамның өзінің ғана емес, бүкіл қоғамның құқықтық қауіпсіздігін қорғау жолындағы міндеті. Заң бұзушылықтың кез келген түрі қоғамдағы тұрақтылыққа қауіп төндіретінін ұмытпауымыз керек.

Өз тіліміз



- Гүлнұр Мақсұтқызы, жылдан-жылға ауыл халқының саны азайып барады. Аудандағы мектептерде қанша оқушы білім алып жатыр?

- Қандай халықтың болмасын басынан, ерте ме, кеш пе, өтетін урбанизация құбылысы қалалық өмір салтын орнату сипатындағы тарихи процесс болып табылады.

Қазіргі таңда ауыл тұрғындарының шамадан тыс қалалық мекенге көшу себебі нарықтық қоғамның әр түрлі мәселелеріне байланысты болып отыр. Нақты айтқанда, бұл тұрғындардың әлеуметтік жағдайының біршама салыстырмалы деңгейін көрсетеді.

Білім жүйесі – ел болашағын айқындайтын негізгі факторлардың бірі. Алайда қала мен ауыл арасындағы көшіп-қону процесінің білім саласына да әсері аз емес екені жасыратын жағдай емес. Ауыл халқының бір тобы қалаға жұмыс іздеп кетіп жатса, басым көпшілік балаларының болашағын ойлап қоныс аударуда. Өйткені, қала мектептерінде жаңа технологиялар, заманауи жабдықтар мен білікті ұстаздар жеткілікті болса, ауыл мектептері әлі де материалдық-техникалық база, кадрлық құрам, цифрлық теңсіздік сияқты проблемалармен бетпе-бет келіп отыр. Осы орайда ауыл мектептерін дамыту - білімдегі әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз етудің негізгі шарты. Ауыл мектебі - ауылдың болашағы. Ауылдың болашағы - елдің болашағы. Сондықтан ауыл мектептерін дамыту – ұлт дамуының кепілі. Жаңа мектеп салып қана қоймай, ауыл мұғалімінің беделін арттыру, оқушыға сапалы білім беру, ата-анамен байланыс орнату кешенді жұмысты қажет етеді.

Бородулиха ауданында бүгінде 0–18 жас аралығындағы 7832 бала бар. 650 оқушы тегін тасы-малмен қамтамасыз етілген. Өткен 9 айда білім беру саласы бойынша мемлекеттік қызметтердің орындалуы тұрақты бақылауда болды. 2025–2026 оқу жылында 1-сыныпқа 439 оқушы қабылданды, үйде оқытуға 78 өтініш, мектеп аралық ауыстыруға 116 өтініш түсті.

Былғы жылы ауданның білім беру саласы бірқатар маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Оқушылардың ғылыми және зияткерлік, шығармашылық сайыстардағы жетістіктері артып, мемлекеттік қызметтердің сапасы жақсарды, білім беру ұйымдарындағы тәрбие және оқу-тәрбие үрдісі жүйелі түрде дамып келеді.

- Шағын ауылдардағы мектептердің жабылу қаупі бар ма?

- Бородулиха ауданының білім беру саласының өзіндік ерекшеліктері бар, шешімін күткен бірқатар мәселелері жоқ емес. Ауданда 31 мектеп - 3 бастауыш, 4 негізгі орта және 24 жалпы орта білім беретін мектеп жұмыс істейді. Қазіргі таңда бұл мектептерде 4701 оқушы білім алуда, алайда, өкінішке қарай, бала саны жылдан-жылға 100 оқушыға азаюда.

Білім ошағы ретінде ғана емес, сонымен бірге ауылдың өзін сақтаудың негізі болып отырған мектептер елді мекендердегі мәдениет және ағарту орталығының міндетін де атқарады десек, артық болмас. Ауыл мектебін сақтау - ауылды сақтаудың бірден-бір жолы. Осы тұрғыдан алғанда, біздің аудандағы 23 шағын жинақты

Бородулиха ауданының білім беру саласы 2025 жылы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Абай облысының білім басқармасына қарасты аудандық білім бөлімі басшысы Гүлнұр Мақсұтқызы Қатаеваның жетекшілігімен оқу-тәрбие процесін жетілдіру, мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету және оқушылардың шығармашылық, зияткерлік әлеуетін дамыту бағытында мақсатты жұмыстар атқарылуда. Мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңарту, педагогтердің біліктілігін арттыру жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Осы және өзге де мәселелер төңірегінде аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлнұр Мақсұтқызымен сұхбаттасқан едік.

«МЕКТЕПСІЗ АУЫЛДЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖОҚ»

дейді Бородулиха аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлнұр Мақсұтқызы ҚАТАЕВА

мектептің жұмысы ерекше назар аударуды қажет етеді. Тіпті ережелерге сәйкес келмейтін бұл мектептерде білікті педагогтердің жетіспеушілігі, интернет жылдамдығының төмендігі, асханалардың болмауы және біріктірілген сыныптар сияқты көптеген қиындықтар бар.

Бала санының аздығына байланысты оңтайландыруға жататын 6 мектепке (Пролетарская орта мектебі, Зубаир орта мектебі, Буркотовская орта мектебі, Уба-Форпостовская орта мектебі, Сахновская негізгі орта мектебі, Шелеховская орта мектебі) талдау жасалды. Бұл мектептердегі бала саны 8-9-дан, әрі кетсе 21-ден аспайды. Дегенмен олардың шекара аумағында орналасқандығын ескере отырып, бұл мектептерді жақын ауыл мектебінің «филиалы» ретінде қалдыру қарастырылуда. Мұндай шешім - ауылдың әлеуметтік тіршілігін сақтап қалудағы маңызды қадам. Сондай-ақ орталықтан шалғай орналасқан ауыл оқушыларының сапалы білімге қол жеткізуі үшін аудан орталығынан мектеп-интернат салу қажеттігін де атап өткен жөн.

- Ауданда «Келешек мектептері» бар ма?

- Еліміздегі білім беру саласы жаңа кезеңге қадам басуда. Білім беру жүйесін жаңғыртудың жол картасы іске қосылды. Заманауи мектептер желісі құрыла бастады. Соның нәтижесінде «Келешек мектептері» жобасы дүниеге келді. Бұл жобаның мақсаты – мектептерде жаңа білім беру технологияларын енгізу, сапалы білім беру мүмкіндігін арттыру және мектеп инфрақұрылымын толық цифрландыру. Бұл, мектептердегі орын тапшылығын жоюмен қатар, ауыл мен қала арасындағы білім алшақтығын азайту, балаларға қауіпсіз әрі жаңа технологиялық орта қалыптастыру мақсатында жасалып жатқан іс екенін білеміз. Сондай-ақ бұл білім беру инфрақұрылымының демографиялық өсіміге ықпалы мен ұлттық деңгейдегі білім теңсіздігін азайтуға да жасалған қадам.

Өкінішке қарай, біздің ауданда әзірше «Келешек мектептері» жобасымен салынған білім ошағы жоқ. Бірақ барлық өңірді бір күнде қамтамасыз ету мүмкін емес қой. Алдағы күндері бородулихалық балалардың да «Келешек мектептерінің» игілігіне қолдары жетер деген үміттеміз.

- «Ауыл мектебі - сапа алаңы» жобасына қанша мектеп қатысады? Аталған жоба ауыл мектебіне қандай пайда әкелді?

- Елімізде 2023 жылдан бастап ауыл мектептерінің әлеуетін арттыру, ауылдық мектептерді дамыту, ұстаздардың біліктілігін көтеру және оқу сапасын жақсарту мақсатында «Ауыл мектебі - сапа алаңы» республикалық жобасы іске қосылған болатын. Аталмыш жоба аясында ауылдық істер жүзеге асып жатқанына өзіміз куәміз. Ауыл мектептеріне көбірек көңіл бөліне бастады. Оқу кабинеттері мен ресурстары жаңартылып, заманауи технологиялар енгізілуде. Ауыл мектептеріндегі интернет сапасының жақсаруы мен жаңа технологиялардың енгізілуі мұғалімдердің креативті әдістерді қолдануына мүмкіндік береді.

Білім сапасын арттыру мақсатында республика бойынша қолға алынған осы «Ауыл мектебі

- сапа алаңы» жобасы біздің ауданда нәтижелі іске асырылуда. Бұл жоба 5 тірек мектеп пен 20 шағын жинақты мектепті қамтиды. Жобаның арқасында шағын жинақты мектеп оқушылары тірек мектептердің базасында қысқа мерзімді сессиялық сабақтарға қатысып, бұрын қолжетімді болмаған жабдықталған зертханаларда, мультимедиялық кабинеттерде оқуға мүмкіндік алады. Бұл физика, химия, биология сияқты пәндер бойынша зертханалық жұмыстарды толыққанды өткізуге, теориялық білімді тереңдетуге жағдай жасайды. Сонымен қатар тірек мектептерде бейіндік және кәсіптік білім беруді ұйымдастыру оқушылардың жоғары оқу орындарына дайындығын жақсартып, ерте кәсіби бағдар беруге мүмкіндік береді.

Жоба аясында педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыруға да басымдық берілген. Тірек мектептер ресурс орталығы ретінде қызмет етіп, шағын жинақты мектептердің педагогтерінің біліктілік сапасын арттыруға арналған тренингтер, семинарлар және тәжірибе алмасу алаңын ұсынады. Материалдық-техникалық базаны нығайту үшін ресурстарды тірек мектептер базасында шоғырландыру арқылы жаңа құрал-жабдықтарды, компьютерлік техниканы және интернет желісін шағын жинақты мектеп оқушыларының да пайдалануына мүмкіндік туды. Сонымен қатар сессияларға қатысу арқылы оқушылардың әлеуметтену және қарым-қатынас дағдыларын дамыту мүмкіндігі артады, бұл олардың өмірге бейімделуіне ықпал етеді.

Бородулиха ауданының білім беру саласы, шағын жинақты мектептер мен оқушы санының азаюы сияқты күрделі мәселелерге қарамастан, білім сапасын арттыруға бағытталған «Ауыл мектебі - сапа алаңы» жобасы арқылы дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты деп айтуға толық негіз бар.

- Мұғалімдер жеткілікті ме? Педагогтердің білімін жетілдіру бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

- Педагогтердің біліктілігін арттыру – білім саласындағы басты мәселе. Себебі білімді ұрпақ білікті мұғалімнен шығады. Қазіргі мұғалімдер заманауи технологиямен қаруланған, бала қажетін қанағаттандыра алатын болуға тиіс. Біліктілікті арттыру курстары мұғалімдерді жетекшілік, бағыт берушілік, ұйымдастырушылық әрекеттерге үйретеді. Оқытушының білімділігі мен оның бойындағы осындай қасиеттер арқылы ғана сапалы нәтижеге жетуге болады.

Аудандағы білім беру мекемелерінде мұғалім жетіспеушілігі мәселесі жоқ, бұл білім беру үдерісінің сапалы жүргізілуіне кепілдік береді. Мұғалімдер жанартылған білім мазмұны мен критериялды бағалау жүйесі бойынша “Өрлеу” біліктілікті арттыру орталығы және Педагогикалық шеберлік орталығы сияқты ұйымдар арқылы тұрақты түрде ұзақ мерзімді курстардан өтеді. Әдістемелік бірлестіктер жұмысы күшейтіліп, жас мамандарға тәлімгерлік көрсетіледі. Педагогтердің цифрлық қызыреттілігін арттыру, инклюзивті білім беру әдістерін меңгеру және тәрбие жұмыстары бойынша қысқа мерзімді семинарлар мен тренингтер үнемі ұйымдастырылады. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесін

де мұғалімдер жаңаша білім берудің тәсілдеріне қол жеткізіп жүр.

- Мектеп бітірушілер жыл сайын тапсыратын Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі жайлы айтып берсеңіз? Білім сапасын жақсарту бағытында атқарылған істердің нәтижесі қандай?

- ҰБТ қорытындысы бойынша соңғы үш жылда білім сапасының артып келе жатқанын байқауға болады (2025 жылы – 71,8 пайыз, 2024 жылы – 71 пайыз, 2023 жылы – 67,7 пайыз). Өткен оқу жылында түлектердің 8-і мектепті «Алтын белгімен», 15-і үздік аттестатпен аяқтады. Бұл аудандағы жалпы орта білім беру сапасының жоғары деңгейін байқатса керек.

Аудан мектептерінде оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру мақсатында жүйелі түрде бақылау, талдау және мониторинг жүргізіледі. Биылғы жылғы жетістіктердің ішінде ғылыми-зерттеу және зияткерлік байқаулардағы табыстар ерекше көзге түседі. Атап айтқанда, «Зерде» ғылыми жобалар сайысының аудандық кезеңіне 71 оқушы 61 жоба қатысып, 50 жоба жүлделі орын иеленді. Облыстық кезеңде 18 жоба қатысып, 2-уі бас жүлде, 3-уі I орын, 5-уі II орын, 3-уі III орын иеленді.

«Бастау» математикалық турнирінің аудандық кезеңінде 89 оқушы қатысып, 44-і жүлдеге ие болды. Облыстық кезеңде 2 команда қатысып, орыс тілінде білім алатын оқушылардың командасы I орынды жеңіп алды.

Қаңтар айында өткен Ілияс Жансүгіров оқуларында 14 оқушы жүлдегер атанса, ақпанда айында өткен Мұқағали Мақатаев оқуларының аудандық кезеңінде 7 оқушы, облыстық кезеңінде 1 оқушы жүлделі орын алды. Сол сияқты «Жарқын болашақ» олимпиадасының аудандық кезеңінде 24 оқушы, облыстық кезеңінде 2 оқушы жүлделі орын иеленді.

Ал Жас инспекторлар байқауының облыстық кезеңінде Н.Островский атындағы мектеп I орынға ие болса, республикалық жарыста аудан командасы III орынды жеңіп алды. Бұл жетістіктер аудан оқушыларының ғылыми және зияткерлік әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

- Ауданда қанша мектеп орыс тілінде, қанша мектеп қазақ тілінде білім береді? Қазақ балаларының орыс мектептеріне баруы азайды ма?

- Оқу жылы қарсаңында оқушыларды сыныптарға бөлген кезде ата-аналар көбінесе балаларының орыс тілінде оқиганын қалайтынын байқаймыз. Мұның себебін сұрасақ, үйде сабақтарына көмектесе алмайтынын айтады. Өйткені жас ата-аналардың өздері ана тілдерін білмейді ғой. Әр түрлі ұлттар мекендейтін аудан болғандықтан, тіл мәселесі осылайша бір-бірімен сабақтасып жатыр.

Аудандағы 31 мектептің ішінде 11 мектеп аралас болса, 3 мектеп мемлекеттік тілде, 17 мектеп орыс тілінде білім береді. Жоғарыда айтып өткендей, тұрғындарының басым көпшілігі орыс тілінде сөйлейтіндіктен, қазақ отбасыларының өз балаларын орыс сыныптарына беру үрдісі әлі де тоқтамай отыр.

Мектептерді сақтап қалу және олардың сапасын арттыру – ауылдың болашағын сақтап қалудың кепілі. Сондықтан біздің ауданда орыс, қазақ, аралас мектептер деп бөлуге әзір ертерек деп ойлаймын.

- «Мектепсіз ауылдың болашағы жоқ» деген пікірге қалай қарайсыз?

- Бұл қағидамен толықтай келісуге болады. Мектеп - тек оқу орны ғана емес, ол - ауыл өмірінің діңгегі, мәдениеттің және адам капиталының шоғырланған ордасы. Мектеп жабылатын болса, ауылдағы отбасылардың балаларының болашағы үшін көшіп кетуіне тура келеді, бұл ауылдың біртіндеп жойылуына әкеледі. Сондықтан, айтып өткенімдей, шекаралық және шағын ауылдардағы мектептерді филиал ретінде сақтап қалу дұрыс шешімдеп ойлаймын.

- Сұхбат беруге уақыт тапқаныңыз үшін рақмет! Жас ұрпаққа сапалы білім мен сана-лы тәрбие беру жолындағы өте жауапты жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!

Сұхбаттасқан
Риза АСАНҚЫЗЫ

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛДЫ

Бородулиха ауданы Камышенка орта мектебіндегі күрделі жөндеу жұмыстары сәтті аяқталды.

Жөндеу жұмыстары мектептің оқу процесіне қолайлы жағдай жасауға бағытталды. Алдымен тозығы жеткен шатыр толығымен жаңартылып, заманауи материалдармен қайта жабылды. Бұл ғимараттың қауіпсіздігін күшейтіп, жылудың сақталуын айтарлықтай жақсартты.

Сонымен қатар мектептің жылу жүйесінде де үлкен өзгеріс болды – ескі қазандық алынып, орнына қуаттылығы жоғары, үнемді әрі экологиялық талаптарға сай жаңа қазандық орнатылды.

Аталған жұмыстар оқу орнының білім сапасын арттыруға бағытталған кешенді жоспардың бір бөлігі болып табылады. Күрделі жөндеу жұмыстарының сапалы және уақтылы орындалуы – мектеп директоры Еркебұлан Болатхановтың ұқыпты ұйымдастырушы ретіндегі еңбегінің нәтижесі.

Жас болғанына қарамастан, Еркебұлан Болатханұлы қысқа уақыт ішінде бірнеше маңызды жобаны жүзеге асырып, өз ісіне деген жоғары жауапкершілігі мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті. Мектеп басшысы мердігерлік шаралармен тығыз байланыс орнатып, барлық жұмыстың сапасына жеке бақылау жүргізіп отырды.



Дейін ↑

↓ Кейін



Мектеп ұжымы мен ата-аналар қауымы жас басшының іскерлігі мен жаңашылдыққа ұмтылысын атап өтіп, ризашылықтарын білдіруде.

Камышенка орта мектебіндегі инфрақұрылымның жаңартуы – тек жөндеу емес, білім сапасын арттыруға негіз болатын маңызды кезең. Жылы әрі қауіпсіз мектеп – оқушылардың алаңсыз білім алуына, педагогтердің сапалы жұмыс

істеуіне көрсетілген үлкен қолдау. Білім ошағында оқушылардың сапалы білім алуына, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасалған.

Білім беру инфрақұрылымын дамыту – ауданның басым бағыттарының бірі. Ауданда алдағы уақытта да білім беру ұйымдарын жаңғырту бағытында жүйелі жұмыстар жалғасын табады.

Ш.ДОСКЕЕВА

Бүгінде мектеп оқушыларының болашақ мамандығын дұрыс таңдауына ықпал етудің маңызы күннен-күнге артып келеді. Биыл Жұмысшы мамандықтары жылы аясында Бородулиха колледжі мен мектептер арасында ынтымақтастық туралы меморандум жасалған болатын. Бүгінде осы келісім аясында оқушылардың кәсіби бағытын анықтау, нақты салаға бейімдеу бағытында жұмыстар жүргізілуде.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛДІ

Жуырда аудандық білім бөлімінің басшысы Бородулиха колледжінің директорымен кездесіп, мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру мәселесін жан-жақты талқылады.

Кездесудің негізгі мақсаты – кадрлар даярлау саласында бірлескен жұмыстарды іске асыру, мектептер мен өндіріс арасындағы байланысты одан әрі нығайту, оқушыларға қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие техникалық және кәсіптік мамандықтар туралы нақты, мазмұнды ақпарат беру, кәсіби бағдар жұмысын жүйелеу және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына оқушы тарту бағытындағы іс-шараларды үйлестіру. Бұл шаралар өз кезегінде болашақ мамандарды ерте кезеңнен кәсіби ортаға бейімдеуге ықпал етпек. Алдағы уақытта да колледж бен мектептердің байланысын нығайтып, техникалық мамандықтардың мүмкіндіктерін кеңінен насихаттау мақсатында бірлескен ғылыми-тәжірибелік конференциялар, кәсіби бағдар беру семинарлары, шеберлік сабақтары, сондай-ақ оқушыларға арналған сапалық экскурсиялар ұйымдастыру жоспарланды.

Колледж өз базасында мектеп оқушыларына арналған тәлім-тәрбиелік сабақтарды, шеберлік сағаттарын, мамандықтар бойынша Ашық есік күндерін тұрақты түрде өткізбек. Бұл оқу-



шыларға нақты кәсіби ортаны көріп, таңдаған мамандықтың қыр-сырымен танысуға мүмкіндік береді.

Кездесу барысында дуалды оқыту жүйесін кеңейту мәселесі де талқыланды. Теорияны өндірістегі тәжірибемен ұштастыру түлектердің жұмысқа орналасуын жеңілдетіп, бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Мектеп пен колледж арасында кәсіби бағыттағы іс-шаралар күнтізбесін бекіту, ата-аналар арасында түсінідіру жұмыстарын жүргізу, кәсіпорындармен үш жақты байланыс орнату туралы келі-

сім жасалды.

Кездесу соңында тараптар ынтымақтастықты одан әрі дамытуға, өңір жастарының сапалы білім алып, еңбек нарығында өз орнын табуына жағдай жасауға ортақ мүдделілік таанытты.

Колледж бен мектептердің бірлескен жүйелі жұмысы ауданның білім беру саласының дамуына, жас ұрпақтың болашақ мамандығын дұрыс таңдауына жол ашады.

Шайза АСАНҚЫЗЫ



ДЕНСАУЛЫҚ



Ұлт денсаулығы – мемлекеттің басты қазынасы. Бұл салада күнделікті адам өмірі үшін жауапкершілік алатын мамандардың еңбегі ерекше. Кез келген науқастың қажетті ем алып, аяқтан тұруын басты назарда ұстайтын бұл мамандық иелері қандай құрметке де лайық. Біз ақ халатты абзал жандардың бірі – Бородулиха аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Марат Қосамбековпен сұхбаттасып, ауданның қазіргі денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелер туралы әңгімелескен едік.

БІЛІКТІ ДӘРІГЕР – ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

- Марат Әуеспекұлы, әңгімені Бородулиха ауданындағы денсаулық сақтау саласының бүгінгі жағдайынан бастасақ...

- Адам денсаулығы мен өмірі - мемлекеттің басты капиталы. Денсаулық сақтау саласына елімізде аз көңіл бөлініп жатқан жоқ. Ақ халатты абзал жандардың жалақысы талапқа сай ма, ауылдық жердің тұрғындары үшін медицинаның кез келген түрі қолжетімді ме деген сияқты сауалдар сіздердің әріптестеріңіз тарапынан жиі қойылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында ұлт денсаулығына қамқорлық жасауды маңызды басымдықтардың бірі ретінде ерекше маңыз бере айтып жүр. Мәселен, Президенттің тапсырмаларын іске асыру мақсатында ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсету деңгейін арттыру мақсатында 2023 жылдан бастап «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Жобаның мақсаты - барлық ауылдық елді мекендерді бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ ауыл халқына шұғыл медициналық көмек көрсету тиімділігін арттыру есебінен қалалық және ауылдық денсаулық сақтау арасындағы теңгерімсіздікті қысқарту.

Жоба аясында ауылдарда жетіспейтін медициналық пункттер, фельдшерлік-акушерлік пункттер, дәрігерлік амбулаториялар сияқты БМСК объектілерін салу, республиканың бүкіл аумағын заманауи көп бейінді ауданаралық орталық ауруханалар желісімен қамту, соның ішінде инсульт орталықтарын, кардиология, реанимация, оңалту бөлімшелерін КТ, МРТ, УДЗ, ӨЖЖ және басқа да қажетті аппараттармен жарақтандыру сынды негізгі міндеттерді шешу көзделген.

Бородулиха ауданында да соңғы жылдары денсаулық сақтау саласын жаңғыртуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Аталған жоба аясында ауданның 3 елді мекенінде медициналық ғимарат жаңадан бой көтерді. Аурухананың материалдық базасы нығайтылып, медициналық жабдықтар жаңартылуда.

Сонымен қатар кадр мәселесін шешу үшін жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Телемедицина, цифрландыру, профилактикалық тексерулер – осының бәрі тұрғындарға сапалы және қолжетімді медициналық қызмет көрсетуге бағытталған.

- Ауданға қарасты қанша ауруха-

на, фельдшерлік акушерлік пункт бар?

- Фельдшерлік-акушерлік пункт - ауылдық жерлерде алғашқы дәрігерлік көмек көрсететін денсаулық сақтау саласының құрылымдық бөлімшесі. Ауылдық жерлерде дәрігерге дейінгі медициналық көмекті елді мекен тұрғындары осы пункттерде алады.

Бүгінде аудан аумағында қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген 8 амбулатория, 7 фельдшерлік-акушерлік пункт жұмыс істейді. 25-тен астам алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысаны бар. Тұрғындар аудан орталығына бармай-ақ алғашқы жедел көмекті өз ауылдарында ала алады.

- Медицина қызметкерлерінің сапалық құрамы туралы не айтасыз?

- Ауданда қазіргі таңда 62 жоғары білімді дәрігер, 400 орта буын медицина қызметкерлері - фельдшерлер, медбикелер, акушерлер және зертханашылар еңбек етуде. Сонымен қатар санитарлар мен жедел жәрдем көлігі жүргізушілері, техникалық қызметкерлер де халық денсаулығын жақсартуға өз үлестерін қосуда.

Қызмет атқарып жүрген дәрігерлердің орташа жасы 45-50 жас аралығында. Тәжірибелі мамандармен қатар, жас дәрігерлер де бар. Қазіргі таңда аудандық аурухана мен ауылдық медициналық мекемелерде 30 жасқа дейінгі бірнеше жас маман жемісті еңбек етуде. «Жас келсе – іске» дейміз, яғни ауылдағы денсаулық сақтау саласының болашағына сеніммен қарауға болады.

- Маман тапшылығы бар ма? Болса, қандай дәрігерлер жетіспейді?

- «Бәрін кадр шешеді» деген сөз қанша уақыт өтсе де мағынасын жоғалтқан емес. Ал денсаулық сақтау саласы үшін тіпті маңызды. Бұл сөз маман иесінің білімі мен біліктілігіне, жауапкершілігіне қосымша салмақ жүктейтін сияқты. Өйткені қазір кадр тапшылығы мен білікті маман жетіспеушілігі - отандық медицинада толық шешілмеген мәселенің бірі. Өзіміздің облыс орталығында медицина университеті болғанымен, бүгінгі таңда барлық өңірлердегідей, біздің ауданда да кадр тапшылығы бар. Нақты айтқанда, гинеколог, ультрадыбыстық диагностика дәрігері сияқты кейбір бейінді мамандарға сұраныс бар. Бұл мәселені шешу үшін бірқатар шаралар атқарылуда, мәселен, кадрларды қайта даярлау, өңірлік гранттар арқы-

лы оқыту және жас мамандарды тарту үшін жұмыстар жүргізілуде.

- Ауданда «Дипломмен - ауылға» бағдарламасымен келген дәрігер мамандар бар ма?

- Ауылдық жердегі кадр жетіспеушілігі мәселесін шешуге «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы да оң үлесін қосқанын айту парыз. Алайда бұл бағдарлама ауылдарда дәрігерлердің жетіспеушілігі мәселесін әлі де толық реттей алмай жатыр. Бұл жалғыз біздің аймаққа ғана емес, Қазақстанның барлық облысына тән проблема. «Дипломмен - ауылға» бағдарламасы аясында ауданымызға соңғы жылдары бірнеше жас маман келді. Мәселен, былтыр аудандық ауруханаға жалпытәжірибелік дәрігер келіп, тұрақты жұмысқа орналасты. Оған көтерме жәрдемақы төленді, сонымен қатар тұрғын үй мәселесі де шешімін таппақ. Бұл бағдарлама жас мамандарға үлкен қолдау әрі ауылдық денсаулық сақтау саласының тұрақтылығына ықпал етеді. Ал жас мамандарға айтарым - ауылға келуден еш тартынбаңдар, ауылда да қалалық жердегідей тәжірибе жинауға болады.

Осы «Дипломмен – ауылға» бағдарламасымен ауылға оралған жас дәрігерлердің қатары көбейе берсе деген тілегіміз бар.

- Жалпы, ауданда дәрігерлерге қандай жағдай жасалған?

- Бүгінде мемлекет тарапынан медицина мамандарына барынша қолдау көрсетіліп келеді. Дәрігерлер инфрақұрылыммен жабдықталған жұмыс орнымен қамтамасыз етілген, мамандар қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарынан өтіп тұрады. Мемлекет тарапынан дәрігерлерге, жалпы, қамқорлық бар. Еңбекақы бұрынғыдан өсті.

- Диспансерлік есепте тұрған науқастар көп пе? Оларға медициналық көмек көрсету қандай деңгейде?

- Диспансерлік есеп әрбір емханының, аурухананың ішкі тәртібіне байланысты жасалатын жұмыс жоспары. Бұл есепке әлеуметтік және өзге де күрделі аурумен ауыратын науқастар алынады. Олар үнемі дәрігердің бақылауында болуы керек. Сондықтан есепке алынып, тиісті ем-домдары жасалып отырады. Өрбір науқастың тұрғылықты мекенжайына байланысты оларға қызметті учаскелік дәрігер немесе медбике көрсетеді. Есепке алын-



ған уақыттан бастап дәрігердің қатаң бақылауында болады.

Өкінішке қарай, созылмалы сырқаттармен диспансерлік есепте тұрған тұрғындардың саны жылдан-жылға өсіп отыр. Қазіргі уақытта аудан бойынша 10 мыңнан аса науқас диспансерлік бақылауда тұр. Олардың ішінде гипертония, қант диабеті, жүрек - қан тамыр жүйесі аурулары мен онкологиялық сырқаттар көп. Бұл науқастардың денсаулығы тұрақты түрде тексеріліп, тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі.

- Ауданда ана мен бала өлімі болды ма?

- Ана мен бала денсаулығын сақтау саласындағы жоғары технологиялық медицина мүмкіндіктеріне сәйкес, қазір бүкіл ел бойынша бірқатар ауқымды жобалар қолға алынууда. Сондықтан да болар, 2024 жылдан бері жалпы еліміз көрсеткіші өткен жылдармен салыстырғанда төмендеді. Ана өлімі тіркелген жоқ. Бұл, әрине, профилактикалық жұмыс пен акушерлік көмек сапасының артуының нәтижесі. Ауыр науқастар үшін уақтылы диагностика мен көмек көрсетудің нәтижесінде күрделі асқынулардың саны азайып келеді.

- Шалғай елді мекендер халқына медициналық көмек көрсету қалай жүзеге асырылады?

- Шалғайда орналасқан ауылдарға мобильді бригадалар тұрақты түрде шығып тұрады. Олар алғашқы тексеру, скрининг, вакцинация, гинекологиялық, терапевтік қызметтер көрсетеді. Ауылдар мен қалалардың тұрғындары үшін денсаулық сақтауда тең жағдай жасау - Мемлекет басшысының үнемі назарында тұрған мәселе.

- Науқастардың облыс орталығына барып емделулеріне мүмкіндік жасалған ба?

- Аудан тұрғындарына облыс орталығына жоспарлы түрде жолдама беру, күрделі жағдайларда нақты маманға бағыттау тәртібі жолға қойылған. Өсіресе жоғары технологиялық диагностикалық тексерулерден өтуге (КТ, МРТ) немесе күрделі оталар жасау қажет болған жағдайда науқастарға жолдама беріледі. Облыс орталығына таяу орналасқандықтан, біздің ауданның тұрғындары үшін бұл жағынан ешқандай кедергі жоқ.

- Аудандық ауруханада қанша науқас стационарлық ем ала алады?

- Аудандық ауруханада жалпы 78 орындық стационар бар. Терапия, хирургия, педиатрия, инфекциялық және босану бөлімі жұмыс істейді. Сонымен қатар күндізгі стационарлар ауылдық амбулаторияларда да бар, бұл - тұрғындар үшін қолайлы ем қабылдау жолы.

- Аудан ауруханасында жоспарлы және шұғыл оталар жасала ма?

- Аудандық аурухананың хирургиялық бөлімшесінде жоспарлы және шұғыл оталар жасалады. Эндовидео арқылы бірнеше ота түрлері жасалады. Анестезиолог-реаниматолог мамандар бар. Ал күрделі оталар жасалатын науқастар облыстық ауруханаға жіберіледі.

- Ауылдық жерлерде денсаулық сақтау саласын жақсарту үшін қандай шаралар қолға алынып жатыр?

- Айтып өткенімдей, ауылдық өңірлердегі медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын арттыру - денсаулық сақтау жүйесінің басты басымдықтарының бірі. Бұл ретте ауылдарда фельдшерлік-акушерлік пункттер мен дәрігерлік амбулаториялар салынууда. Сонымен қатар бұрыннан жұмыс істеп тұрған нысандар көзең-көзеңімен күрделі жөндеуден өтіп, заманауи талаптарға сай жабдықта-луда. Бұл өсіресе шалғай елді мекендердегі жедел көмек, профилактикалық қызмет және ана мен бала денсаулығын қорғау салаларында үлкен маңызға ие. Сондай-ақ медициналық кәсіпкермен қамту да басты назарда.

Кадр тапшылығын азайту да басты міндеттерінің бірі. Сондықтан жас дәрігерлер мен медициналық қызметкерлерді ауылға тарту бағытындағы жұмыстарымызды жалғастырамыз. Аурудың алдын алу - денсаулық сақтау жүйесінің маңызды бөлігі. Бұл бағытта ауыл тұрғындарын скринингтік тексерулермен қамту, ерте диагностика мүмкіндіктерін арттыру және вакцинациялау деңгейін көтеру жұмыстары күшейтілуде.

Денсаулық сақтау - тек емдеу емес, қоғамға деген қамқорлықтың айқын көрінісі. Біздің міндет - ауылдағы әрбір тұрғынның сапалы медициналық көмек алуын қамтамасыз ету. Қай сала болмасын, ең бастысы - адам. Ал біздің саланың өзегі - адамның өмірі мен саулығы.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Р.МАУЫЛХАНҚЫЗЫ

АУЫЛДАҒЫ ЕМХАНАҒА ЖИҺАЗ АЛЫНДЫ

Бірлігі бекем ауданымызда қайырымдылықты өмірлік мақсат еткен жомарт жандар аз емес. Жақында сондай азаматтардың қолдауымен Зенковқа ауылындағы емханаға жаңа жиһаздар алынды.

Ауылдың белсенді кәсіпкерлері – Абайхан Құрамысов, Мәдижан Құрамысов, Константин Поп, Юрий Кудрявцев, Әлихан Рахимов, Джамалай Гадаев, Сергей Шумкин, Марат Джуанышев, Демократ Абдраимов және бастамашыл топ өкілдері бірлесіп емханаға қаржылай көмек көрсетті.

Аталған қаржыға жаңа жиһаз сатып алынды. Емхана қызметкерлері жаңартулардың нәтижесінде науқастарды қабылдау жағдайы әлдеқайда жақсарғанын айтады. Жаңа жиһаз кабинеттердің келбетін жаңартып қана қоймай, жұмыс процесін де жеңілдеткен. Медицина мамандары игі іске үлес қосқан жерлестеріне ерекше ризашылықтарын білдіруде.

- Көмек қолын созған барлық ауылдастарға алғысымыз шексіз. Ауыл тұрғындарының бірлігі бекем, соның арқасында осындай игі іс жасалып жатыр. Енді амбулаторияда қызмет көрсету сапасы жақсара түседі, – дейді емхана мамандары.

Кәсіпкерлер мен ауыл тұрғындарының осындай қолдауы – ортақ мүдденің, ауылға деген жана-шырлықтың белгісі. Бұл бастама өзге елді мекендерге де үлгі бола-ры сөзсіз. Ауыл тұрғындары алдағы уақытта да осындай игі істерді жалғастырып, елді мекеннің дамуына үлес қоса беруге ниетті.



Жақсылық жасау – қоғамды біріктіретін күш. Қайырымдылық адам жанын ізгілікке жетелеп, тіршілікті нұрландырады. Ауылымызда ізгі істерге ұйытқы болып, жан-жағын мейірім шапа-

ғатына бөлеп жүретін жандардың көп екені көңіл қуантады.

Резида ИВКИНА,
Зенковқа ауылдық
ауруханасының меңгерушісі

Дәрігер - қастерлі мамандық. Бұл мамандық иелерінің жауапкершілігі мол, атқаратын жұмыстары да ауқымды. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін осынау маңызды салаға бүкіл өмірін арнап келе жатқан абзал жандар қаншама. Солардың бірі – Гүлжан Қалиева.

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАН

Бородулиха ауданында дүниеге келген Гүлжан Әзімханқызы 1991 жылы Семей қаласындағы медицина институтын «Педиатрия» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1992 жылы Бородулиха ауданындағы Қызыл ауыл дәрігерлік амбулаториясының бас дәрігері лауазымынан бастаған. 2004 жылы Бородулиха аудандық орталық ауруханасына фтизиатр дәрігер болып ауысса, 2005 жылғы ақпан айынан бастап бас дәрігердің емдеу жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалды. Ал 2012 жылдан бері «Бородулиха ауданының медициналық бірлестігі» емханасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып жүр.

Денсаулық сақтау жүйесінде 30 жылдан астам уақыт еңбек етіп жүрген Гүлжан Әзімханқызының басшылығымен 2018 жылы емханадағы бірқатар қызмет пилоттық режимде ақпараттық жүйеге, құжаттар электрондық форматқа көшірілді. Бүгінгі күні емханадағы цифрлық маммограф, ЭХО ЭКГ және зертхана автоматтандырылған анализаторлармен, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Емханада скринингтік тексерулердің 6 түрі жүргізіледі. Соңғы жылдары онкологиялық ауруларды ерте сатысында анықтау мүмкіндігі артты. Емханада стационарды алмастыратын көмек ұйымдастырылған. Сонымен бірге емхана басшылығы алғашқы медициналық-санитарлық көмектің жұмысына жетекшілік етеді.

Гүлжан Әзімханқызы дәрігерлік-консультациялық комиссия төрағасы ретінде есепте тұрған науқастарды тегін амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді, жалпы тұрғындарға сапалы медициналық



көмек көрсетуді назарда ұстайды.

Медицина саласында жемісті еңбек етіп жүрген Гүлжан Қалиева Бородулиха ауданының денсаулық сақтау саласын дамытуға өзіндік үлес қосып келеді. Адал еңбегінің, іскерлік қарым-қабілетінің, адамгершілік қасиеттерінің арқасында ел құрметіне бөленіп отырған білікті дәрігер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Айкөркем МАҚЫШ



ҚАЛА ӘКІМДІГІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 22 ҚАҢТАРДАҒЫ № 29 «МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ (САТЫП АЛУ) ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНА ТОЛЫҚТЫРУ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:
1. Қала әкімдігінің «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» 2024 жылғы 22 қаңтардағы № 29 қаулысына (2024 жылғы 16 сәуірдегі № 308, 2024 жылғы 6 мамырдағы № 423, 2024 жылғы 27 тамыздағы № 763, 2024 жылғы

8 қазандағы № 942, 25 жылғы 9 қаңтардағы № 9, 2025 жылғы 28 мамырдағы № 457 қаулыларымен енгізілген өзгерістерімен), («Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің өтініші негізінде) келесідей толықтыру енгізілсін:
қосымша келесі мазмұндағы реттік нөмірі 69 - жолмен толықтырылсын:

69.	23-252-048-2215	Бахтыжамал Базаровна Калиева	0,007313	Баздырев көшесі, 21 А	тұрғын үйге қызмет көрсету үшін	жеке меншік құқығы
-----	-----------------	------------------------------	----------	-----------------------	---------------------------------	--------------------

2. Әкімдік қаулысының орындалуын бақылау қала әкімі орынбасарының м. а. Е. Х. Тлеужановқа жүктелсін.

Қала әкімі

Ә. ҚОЖАНБАЕВ

1	НҚА жобасының атауы (НҚА түрін көрсете отырып)	«Семей қаласының сәулеттік келбетін біріздендіруге бағытталған көпқабатты тұрғын үйлердің сыртқы қабырғалары мен шатырына қайта жаңғырту, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 3 наурыздағы №172 қаулысына өзгерістер енгізу туралы
2	Әзірлеуші мемлекеттік орган	«Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі
3	НҚА жобасын әзірлеу үшін негіздер (тиісті НҚА немесе тапсырмаға сілтеме жасай отырып (бар болса))	2025 жылғы 15 қыркүйектегі № 207-VIII ҚРЗ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-несиелік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Заңына сәйкес.
4	НҚА жобасының қысқаша мазмұны, негізгі ережелердің сипаттамасы	Семей қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 03 наурыздағы № 172 «Семей қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көпкөптерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, төбелерін реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидасы» қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген қосымшада: 1. 1-бөлімнің 2-тармағында: 3) тармақшасында: «шатырдан» кейін «кіреберіс топтарының қаңқалары (навес)» деген сөздермен толықтырылсын. 2. 9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «Көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерлері мен тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) – кондоминиум нысанын басқаруға қатысты шешімдерді ұжымдық талқылауды және (немесе) қабылдауды қамтамасыз ететін жоғары басқару органы;» 3. 10-тармақпен толықтырылсын: «Басқарушы компания – кондоминиум нысанын басқару туралы жасалған шарт немесе көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерлері мен тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері жиналысының хаттамасы негізінде кондоминиум нысанын басқару бойынша қызмет көрсету үшін пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлар иелері құрған коммерциялық емес ұйым.» 4. 11-тармақпен толықтырылсын: «Пәтерлер (тұрғын емес үй-жайлар) иелерінің кооперативі – кондоминиум нысанын басқару туралы жасалған шарт немесе көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерлері мен тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері жиналысының хаттамасы негізінде кондоминиум нысанын басқару бойынша қызмет көрсету үшін пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлар иелері құрған коммерциялық емес ұйым.» 5. 2-бөлімде: 5. 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: Семей қаласының әкімдігі көппәтерлі тұрғын үйдің қасбетіне қатысты жұмыстарды мүлік иелері бірлестігімен, пәтерлер (тұрғын емес үй-жайлар) иелерінің кооперативімен немесе басқарушы компаниямен келісе отырып жүзеге асырады; 6. 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: Бөлім құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес, әрбір көппәтерлі тұрғын үйдің қасбеті мен шатырларының техникалық жағдайын тексеруді ұйымдастырады, бұл жұмыстардың көлемін, жөндеу түрін (ағымдағы немесе күрделі) және олардың физикалық тозу дәрежесін анықтау мақсатында жүргізіледі. 7. 7-тармақ алып тасталсын; 8. 8-тармақ алып тасталсын; 9. 3-бөлімнің 11-тармағында: «қуны» сөзінен кейін «реконструкциялау,» сөзімен толықтырылсын. 10. 3-бөлімнің 12-тармағында: «жұмыстарды» деген сөзден кейін «реконструкциялау» сөзімен толықтырылсын; 11. 13-тармақта: «жұмыстарды» деген сөзден кейін «реконструкциялау» сөзімен, «техникалық қадағалау» деген сөзден кейін» (күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген жағдайда)» деген сөздермен толықтырылсын; 12. 4-бөлімнің 14-тармағында: «іс-шараларды» деген сөзден кейін «реконструкциялау» сөзімен толықтырылсын.
5	Күтілетін нәтижелердің нақты мақсаттары мен мерзімдері	Семей қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көп пәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, төбелерін реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу. Нормативтік құқықтық актінің қолданысқа енгізілу мерзімдері - алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
6	НҚА жобасы қабылданған жағдайда болжанып әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар	Жобаны қабылдау негативті әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдарға алып келмейді. Заңға сәйкес қабылдау

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРЫНДАҒЫ КӨПШІЛІК ТЫҢДАУЛАРДЫҢ

№ 1 ХАТТАМАСЫ
2025 жылғы 28 қараша
Семей қаласы

Төрағалық етті: қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы - Дарига Абайқызы.
Қатысты: 6 депутат.

КҮН ТӘРТІБІ:

Семей қаласының келесі көшелерінің атауын қайта атау:
1 Линия көшесін Қабыш Омаров көшесі деп қайта атауға,
2 Линия көшесін Төлеуғали Әбдібеков көшесі деп қайта атауға,
3 Линия көшесін Қойгелді Аухадиев көшесі деп қайта атауға,
5 Линия көшесін Кәмен Оразалин көшесі деп қайта атауға,
6 Линия көшесін Асылхан Бекбаев көшесі деп қайта атауға,
7 Линия көшесін Бейсен Жұмагелдин көшесі деп қайта атауға,
8 Линия көшесін Төкен Мұртазин көшесі деп қайта атауға,
9 Линия көшесін Фазыл Әділбаев көшесі деп қайта атауға,
10 Линия көшесін Қабдрахман Самаев көшесі деп қайта атауға,
11 Линия көшесін Мұхтарбек Кәкімов көшесі деп қайта атауға,
12 Линия көшесін Махмет Қайырбаев көшесі деп қайта атауға,
13 Линия көшесін Риза Оспанов көшесі деп қайта атауға,
14 Линия көшесін Манеф Қуандықов көшесі деп қайта атауға,
15 Линия көшесін Қанат Смағұл көшесі деп қайта атауға,
16 Линия көшесін Дінсләм Аргынбекұлы көшесі деп қайта атауға,
17 Линия көшесін Мұқатай Әбеулов көшесі деп қайта атауға,
18 Линия көшесін Зекен Әділбеков көшесі деп қайта атауға.

Баяндамашы: Семей қаласы әкімінің орынбасары - Қуаныш Әділбайұлы Әбілдаев.

Төрағалық етуші:

«Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығына сәйкес, Семей қаласы мәслихатының тұрақты комиссияларындағы көпшілік тыңдаулары өткізіледі.

ТЫҢДАДЫ:

Семей қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Әділбайұлы Әбілдаев депутаттарға Семей қаласының кейбір көшелерін қайта атау жөніндегі материалдармен таныстырып, Ономастикалық нысандардың тарихи және дәстүрлі атауларын қалпына келтіру туралы ұсыныстарды зерделеп және қарау жөніндегі жұмыс тобының хаттамасына сәйкес Семей қаласының кейбір көшелерін қайта атау туралы, сондай-ақ, есімі ұсынылып отырған Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен Кеңес Одағы Батырларының өмірбаянына тоқталып өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Семей қаласы әкімінің орынбасары - Қ.Ә. Әбілдаев
Абай облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы - М.С. Алин
Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор - М.Қ. Кәрімов
Қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі - З.К. Оразалина
Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы – М.А. Бахатова
«Объектив Восток» ақпараттық агенттігінің бас редакторы - Н. Перцева
Қалалық мәслихаттың депутаты – М.Е. Еділбекова
Мемлекеттік қызмет ардагері - Ю.С. Пазына

Көпшілік тыңдаулардың қорытындысы бойынша көпшілік дауыспен, қатысушылардың пікірін ескере отырып, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиялары **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1 Линия көшесін Қабыш Омаров көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
2 Линия көшесін Төлеуғали Әбдібеков көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
3 Линия көшесін Қойгелді Аухадиев көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
5 Линия көшесін Кәмен Оразалин көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
6 Линия көшесін Асылхан Бекбаев көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
7 Линия көшесін Бейсен Жұмагелдин көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
8 Линия көшесін Төкен Мұртазин көшесі деп қайта атауға– бірауыздан келісті;
9 Линия көшесін Фазыл Әділбаев көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
10 Линия көшесін Қабдрахман Самаев көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
11 Линия көшесін Мұхтарбек Кәкімов көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
12 Линия көшесін Махмет Қайырбаев көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
13 Линия көшесін Риза Оспанов көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
14 Линия көшесін Манеф Қуандықов көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
15 Линия көшесін Қанат Смағұл көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
16 Линия көшесін Дінсләм Аргынбекұлы көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
17 Линия көшесін Мұқатай Әбеулов көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті;
18 Линия көшесін Зекен Әділбеков көшесі деп қайта атауға–бірауыздан келісті.

Құқық және депутаттық этика мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Д. АБАЙҚЫЗЫ
Әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Ш. МУЛДАҒАЛИЕВА

АҚСУАТ

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАДАҒАЛАНУДА

Аудан әкімі Еркін Кәдірбекұлы жұмыс сапарымен Құмкөл ауылына барды. Сапар барысында ол ауылға кіреберіс тұста орналасқан аудандық маңызы бар автожолдың Тебіске өзені арқылы өтетін көпірді реконструкциялау жұмыстарының барысын тексерді.

Аталған нысан – өңірдің көлік қатынасындағы маңызды инфрақұрылымдық тірек. Көпір арқылы Құмкөл ауылынан аудан орталығына және көршілес елді мекендерге қатынайтын көлік ағыны қамтамасыз етіледі. Сондықтан жөндеу жұмыстарының сапасы мен мерзімінде аяқталуы – жергілікті тұрғындар үшін аса маңызды. Аудан әкімі құрылыс учаскесінде мердігер компания өкілімен кездесе отырып, атқарылып жатқан жұмыстардың көлемі мен орындалу қарқынын нақтылады. Мердігер тарапынан көпір тіреулерін нығайту, өткел бөлігін жаңарту және су астындағы қосымша қорғаныс конструкцияларын орнату бойынша жоспарланған міндеттер туралы ақпарат берілді. Ернар Кәдірбекұлы: «Бұл көпір – тек жол инфрақұрылымы ғана емес, ауыл халқының күнделікті тұрмысына тікелей әсер ететін нысан.

Жұмыстың сапасы бір сәтке де төмендемеуі керек. Барлық талаптар толық сақталып, жөндеу белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс», – деп атап өтті. Сондай-ақ әкім құрылыс барысында қауіпсіздік шараларының тиісті деңгейде сақталуын және пайдаланылатын материалдардың сапасын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Мердігер ұйым өкілдері жоспарланған жұмыстарды белгіленген уақыт ішінде сапалы орындауға уәде берді.

Өз тілшіміз

ХАБАРЛАНДЫРУ

«METALL MINING» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: «METALL MINING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне әсер ету рұқсатын алу үшін материалдар.

2. Әсер ету аймағы: Белсу кен орны Абай облысы Абай ауданында, Архат ауылынан 8 км жерде, М-44-XXVII парағында, оның батыс бөлігінде орналасқан. Семей қаласынан Архат ауылына дейінгі арақашықтық 180 км, оның ішінде I топ тас жолының бойымен 140 км, грейдер жолымен 40 км, егістік жолдың бойымен 10 км Белсу учаскесіне дейін. Кен орны орталығының координаттары:

1) 48° 59' 0,5» 80° 03' 26,9»;
2) 48° 59' 1,5» 80° 05' 19,6»;
3) 48° 58' 3,7» 80° 04' 49,0»;
4) 48° 58' 3,1» 80° 03' 28,2»

3. Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 13 қаңтарда сағат 12.00-де Абай ауданы, Абай ауданы, Архат ауылдық округі, Архат ауылы, Клуб ғимараты, 3.Белибаева көшесі, 2 үй мекенжайы бойынша. өтеді

Zoom кездесуіне қосылыңыз
<https://us05web.zoom.us/j/88398836756?pwd=IDGQ38ybK9NHlnlQoKotKnFCR9FQU.1>

Жиналыс идентификаторы: 883 9883 6756 Қатынас коды: 2X0Ba7

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «METALL MINING» ЖШС БИН 200140036401 Мекен-жайы: 070100, ҚР, Абай облысы, Абай ауданы, Архат ауылы, Орталық Қасымжанова көшесі, № 8 ғимарат. тел., электрондық мекенжай: kozhahanov_st@metallmining.kz.

5. Әзірлеуші: «Лаборатория –Атмосфера» ЖШС. БСН 010240004556. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Потанин көшесі, 35, н.п. 66, теле фон 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru

6. Жобалық құжаттама пакетімен экологиялық порталда: <https://ndbecology.gov.kz/> , сондай-ақ Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru> танысуға болады.

7. Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін мына мекен-жайлар бойынша сұратуға болады «METALL MINING» ЖШС БИН 200140036401 Мекен-жайы: 070100, ҚР, Абай облысы, Абай ауданы, Архат ауылы, Орталық Қасымжанова көшесі, № 8 ғимарат. тел., электрондық мекенжай: kozhahanov_st@metallmining.kz. ; «Лабо ратория –Атмосфера» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н. п. 66, телефон 8(7232) 76-70 39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru .

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мына мекен-жайлар бойынша қабылданады: электрондық мекен-жай– <prigodnyue_resursy obl.abay@mail.ru>; пошта-лық мекен-жай – Қазақ стан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыха нов көшесі, 30. Телефон 8 777 955 63 34.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«METALL MINING» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: Абай ауданындағы Бельсу алтын кен орнында оксидті кенді ашық әдіспен өндіру жоспарына (түзету 2025ж.) ықтимал әсер туралы есеп.

2. Әсер ету аймағы: Белсу кен орны Абай облысы Абай ауданында, Архат ауылынан 8 км жерде, М-44-XXVII парағында, оның батыс бөлігінде орналасқан. Семей қаласынан Архат ауылына дейінгі арақашықтық 180 км, оның ішінде I топ тас жолының бойымен 140 км, грейдер жолымен 40 км, егістік жолдың бойымен 10 км Белсу учаскесіне дейін. Кен орны орталығының координаттары:

1) 48° 59' 0,5» 80° 03' 26,9»;
2) 48° 59' 1,5» 80° 05' 19,6»;
3) 48° 58' 3,7» 80° 04' 49,0»;
4) 48° 58' 3,1» 80° 03' 28,2»

3. Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 13 қаңтарда сағат 11.00-де Абай ауданы, Абай ауданы, Архат ауылдық округі, Архат ауылы, Клуб ғимараты, 3.Белибаева көшесі, 2 үй мекенжайы бойынша. өтеді

Zoom кездесуіне қосылыңыз
<https://us05web.zoom.us/j/88193646884?pwd=gdjYY5NZ2PwtKJ6oG2XiCTbbCSy6yM.1>

Конференция идентификаторы: 881 9364 6884 Кіру коды:8FB8Aу

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «METALL MINING» ЖШС БИН 200140036401 Мекен-жайы: 070100, ҚР, Абай облысы, Абай ауданы, Архат ауылы, Орталық Қасымжанова көшесі, № 8 ғимарат. тел., электрондық мекенжай: kozhahanov_st@metallmining.kz. ; «Лабо ратория –Атмосфера» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н. п. 66, телефон 8(7232) 76-70 39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru .

5. Әзірлеуші: «Лаборатория –Атмосфера» ЖШС. БСН 010240004556. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Потанин көшесі, 35, н.п. 66, теле фон 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru

6. Жобалық құжаттама пакетімен экологиялық порталда: <https://ndbecology.gov.kz/> , сондай-ақ Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru> танысуға болады.

7. Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін мына мекен-жайлар бойынша сұратуға болады «METALL MINING» ЖШС БИН 200140036401 Мекен-жайы: 070100, ҚР, Абай облысы, Абай ауданы, Архат ауылы, Орталық Қасымжанова көшесі, № 8 ғимарат. тел., электрондық мекенжай: kozhahanov_st@metallmining.kz. ; «Лабо ратория –Атмосфера» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н. п. 66, телефон 8(7232) 76-70 39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru .

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мына мекен-жайлар бойынша қабылданады: электрондық мекен-жай– <prigodnyue_resursy obl.abay@mail.ru>; пошта-лық мекен-жай – Қазақ стан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыха нов көшесі, 30. Телефон 8 777 955 63 34.

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



www.semeytany.kz

Директор –
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА

Бас редактор –
Роза ПУШПАҚОВА

www.semeytany.kz

Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.

Газет «АБАЙ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест» агенттігі ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басуылы шығады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.

Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада – 8 776 740 87 21,

Бесқарағайда – 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамеджанов көшесі, 12.

Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75;

редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03;

факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20820



Кезекші редактор Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ